

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖО-АРЫ ЖЎНЕ ОРТА  
АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛИГІ

*Д.Дуйсебаева*

ЎЗАЎ ТІЛІ ПРАКТИКУМЫ  
(оёу солданба)

Білім саласы: 100000 – «Білім»  
Оёыту саласы: 140000 – «Оёытушылар дайындау жЎне  
педагогика пЎні»

Бакалавриат ба-ыты: 5141300 – Ана тілі мен Ўдебиеті  
(сазае тілі жЎне Ўдебиеті)

Ташкент – 2007

Осы солданба қазақ тілінен теориялық білім және оған байланысты жаттығулар жинағын қамтиды. Жолданбада ұр тақырыпқа бірнеше жаттығу беріліп, бұларды орындау мақсаты ұр студенттен белсенділікті талап етеді, оны орындау үшін біраз еңбек сіңіруді міндеттейді. Жаттығу материалдарының бұры дерлік қыркем шығармалардан тақырыпқа сәйкес терме мұтін тірінде берілді.

Осы солданба жоғары осы орындарының студенттеріне, тіл мамандарына арналған.

Учебное пособие охватывает теоретические знания по казахскому языку и сборник упражнений для их изучения. В учебном пособии даются несколько упражнений выполнение которых требует от студента активной работы. Весь материал в упражнениях дан в виде текстов из художественных произведениях в соответствии темам.

Учебное пособие предназначено для студентов высших учебных заведений и филологов.

The aid occupies theoretical knowledge of Kazakh language and special exercise-book. For implementation are given exercises, which requires from students to be hardworking and active during the curriculum.

The whole material consists of extracts from fictions according to the themes.

Пікір жазғандар:

М.

Юлдашев,

филология ғылымдарының ая1049аяапяя1033ая26922

кандидаты

Г. Нишанова,

РБО Тіркi тілдер

Білімінің аға методисті

## КІРІСПЕ

"Қазақ тілі практикумы" деп аталатын бұл көмекші оқу құралы "Қазақ тілі мен әдебиеті" мамандығының 1 курсына оқитын студенттерге арналған.

Оқу процесінің бірінші семестрінде жүргізілетін "Қазақ тілінің практикалық курсына" қазақ тілінің фонетика, лексика, морфология, синтаксис салалары түгел оқытылып, "Қазіргі қазақ тілі" деп аталатын үлкен теориялық курсқа дайындық жасалады. Тілдің бұл салалары бойынша оқулықтарды тауып, жүйелі дайындалу студент қатарына енді іліккендерге қиындық туғызады. Сондықтан мектепте 5-9 сыныптарға тармақталып берілген қазақ тілінің барлық салаларына сай тіл материалдары мүмкіндігінше қысқартылып, тезис ретінде беріліп отыр. Тілдің әр саласына байланысты қажетті әдебиеттер тізімі және теориялық материалды ұғындыру мен жаттығу, машықтану дағдысын қалыптастыруға арналған тілдік талдаулардың үлгілері де енгізілді.

Оқу қолданба негізінен студенттердің білімінде ең жиі кездесетін олқылық - емлемен тікелей байланыстырылған. Оқыту процесінде емлеге, сауатты жазуға үйрету өте маңызды мәселе. Орфография мәселесін меңгеру және жаттығуларды орындау арқылы бұл олқылықтарды дұрыстау сияқты мәселелерге ерекше назар аударған. Бұл келешек тіл мамандарының сауаттылығын арттыруға үлес қосып, жағдай жасайды.

Бұл пәннің негізгі мақсаты - бірінші курс студенттерін дұрыс, сауатты сөйлеуге, жазуға дағдыландыру сөйтіп, өздері таңдап алған мамандығына икемдеп бейімдеу болып табылады. Осыған орай, бұл оқу қолданбаның да негізгі мақсаты - студенттердің өз бетімен тіл мәселелерін талдап дағдылануына, лекциялық курстан алған теориялық білімдерін тереңдетіп, кеңейтуіне, сөйтіп, оны тәжірибе жүзінде игеріп алуына мүмкіндік туғызу.

Практикалық курстың негізгі салмағы жаттығу жұмыстарында болатыны өз-өзінен түсінікті, оқу қолданбада әр тақырыпқа бірнеше жаттығу

беріліп отырады. Бұлардың орындалу мақсаты әр студенттен белсенділікті талап етеді, оны орындау үшін біраз еңбек етуді, көп оқуды міндеттейді. Жаттығу материалдарының бәрі дерлік көркем шығармалардан іріктеліп алынып, тақырыпқа сәйкес терме текст түрінде берілген.

Оқу құралындағы жаттығулардың көлемі мен сан мөлшерін белгілегенде, тақырыптардың өзіндік сипаты ескеріледі. Мәселен, фонетика бөліміндегі тақырыптарды талдаудың ерекшелігіне байланысты онда берілген жаттығулар үшін текстер вариант түрінде берілген жоқ. Бірақ меңгерілуі күрделірек лексикалық тақырыптар үшін жаттығу текстері молырақ берілген. Оқытушы практикалық сабақты жүргізу үстінде оларды өз ішінен вариантқа бөліп талдатуына болады.

Студенттердің сөйлеу мәдениетін арттырудың маңыздылығын ескеріп, мүмкіндігі бар жерде стилистикалық тапсырмалар қоса қамтылып отырды. Дегенмен, кейбір мәселелердің қазақ тіл білімінде әлі де зерттелмеуіне немесе қайта қаралып жатуына байланысты, жаттығулардың берілуінде кемшілік кездеспейді деп айта қою қиын. Ондай жағдайда жаттығуларды жетілдіп отыру оқытушының шеберлігін талап етеді.

Бұл салада Ғ.Қалиев, Н.Оралбаева, Б.Қасымова, Б.Шалабаев, О.Төлегенов т.б. ғалымдардың үлесі мол.

Бұл оқу қолданба да жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған бағдарламаға сәйкес жоғарыда көрсетілген авторлардың еңбектерінен пайдалана отырып құрастырылған. Еліміздегі бүгінгі жаңалықтар мен ұлттық идеологияға сүйене отырып кейбір материалдарға өзгертулер енгізуге мәжбүр болдық.

# ФОНЕТИКА

## Фонетика туралы жалпы түсінік

Фонетика — тіл білімінің басты бір саласы. Оның зерттеу объектісі — тіл дыбыстары, олардың құрамы мен жүйесі.

Тіл дыбыстары адам ойын білдіру үшін қызмет атқарады. Ол бұл қызметін сөз арқылы жүзеге асырады, өйткені сөздерден сөз тіркестері, сөйлем құралады. Ал тілдегі әр сөз тіл дыбыстарынан тұрады. Мысалы; *Сен едің базарым (Абай)*. Осы сөйлемдегі бірінші сөз (*Сен*) үш дыбыстан (*с-е-н*), екінші сөз (*едің*) төрт дыбыстан (*е-д-і-ң*), үшінші сөз жеті дыбыстан (*б-а-з-а-р-ы-м*) құралған.

Тілдегі әр сөздің тұрақты дыбыстық құрамы болады және олардың әрқайсысының сөзде қалыптасқан орны бар. Мысалы: *жер* деген сөзде үш дыбыс (*ж-е-р*) бар және ол үш дыбыстың сөзде осы тәртіпте ғана орналасуы шарт. Сондықтан кез келген дыбыстың тіркесі сөз жасай бермейді.

Тіл дыбыстары сөйлеу мүшелері арқылы жасалады. Сөйлеу аппараттарына өкпе, дауыс шымылдығы, ауыз қуысы, мұрын қуысы, таңдай, тіл, ерін жатады.

Әр дыбыстың жасалуына, сөйлеу мүшелерінің қатысы әр түрлі, соған орай тілдегі дыбыстар да түрлі-түрлі. Бірақ тіл дыбыстарының саны, құрамы шексіз емес. Әр тілдің белгілі дыбыстық құрамы болады. Сол сияқты қазақ тілінің де белгілі дыбыстық құрамы бар.

## Қазақ тіліндегі дыбыстар

Қазақ тілінде 42 әріп, 38 дыбыс бар. Тілдің дыбыстау мүшелері арқылы айтылып, құлақпен естілетін үн *дыбыс* деп аталады да, оны жазу тілінде белгілейтін шартты белгі *әріп* деп аталады.

Қазіргі қазақ тіліндегі 38 дыбыс мыналар: *а, ә, б, в, г, ғ, д, е, ж, з, и, й,*

к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у (дауысты), у (дауыссыз), ү, ұ, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, ы, і, э.

Әріптердің белгілі бір ретпен тізілген жинағын *алфавит* дейді. Қазақ тіліндегі алфавит тәртібімен тізілген әріптер: а, ә, б, в, г, ғ, д, е, і, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ү, ұ, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, ь, ы, і, ъ, э, ю, я. Барлығы 42.

Қазақ тіліндегі дыбыстар акустикалық және артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай үлкен екі топқа бөлінеді: дауысты дыбыстар және дауыссыз дыбыстар.

### Қазіргі қазақ алфавитінің кестесі

Рет саны	Баспа түрі		Рет саны	Баспа түрі	
	Бас әріп	Кіші әріп		Бас әріп	Кіші әріп
1	А	а	22	П	п
2	Ә	ә	23	Р	р
3	Б	б	24	С	с
4	В	в	25	Т	т
5	Г	г	26	У	у
6	-	ґ	27	ё	ұ
7	Д	д	28	°	Ү
8	Е	е	29	Ф	ф
9	Е	і	30	Х	х
10	Ж	ж	31	Ѕ	Ѕ
11	З	з	32	Ц	ц
12	И	и	33	Ч	ч
13	Й	й	34	Ш	ш
14	К	к	35	Щ	щ
15	Қ	қ	36	Ь	ь
16	Л	л	37	І	і
17	М	м	38	Ы	ы
18	Н	н	39	Ъ	ъ
19	Ё	ң	40	Э	э
20	О	о	41	Ю	ю
21	Ӧ	ө	42	Я	я

## Дауысты дыбыстар

Ауа өкпеден кедергісіз шығып, үннен ғана тұратын дыбыстарды дауысты дыбыстар (вокализм) дейміз. Тілде мынадай 12 дауысты дыбыс бар: *а, ә, и, о, ө, е, э, у, ұ, ү, ы, і*. Бұлардан тыс орыс тілінен енген *ї, я* – дифтонг, *ю* – трифтонг.

**1-жаттығу.** *Көшіріп, дауысты дыбыстардың астын сызыңдар.*

Тарихшы, таукүдірет, таяныш, тәжірибе, тұяқ, түйіншек, тысқаяқ, уану, ұждан, ұят, фильм, фактісі, фондысы, хабар-ошарсыз, хайуан, хакіт, халі, хикая, хикмет, хирург, хұқық, шахризада, шаһар, шаян, шілдеhana, ызакор, ыссы, ізет, ішек, янтарь.

**2-жаттығу.** *Төмендегі бір буынды сөздердің дауысты дыбыстарын өзгертіп, тобын көбейтіңіздер де, ортақ фонемаларын анықтаңыз.*

Үлгі: Ес – ас – іс - өс - ыс. Мұндағы бәріне ортақ фонема с дыбысы.

1. От, ер, ін, бой, қал, таң, айт, арт, үйт, бүк, күй, бай, қайт, жалт, күмп.
2. Ай, із, өз, тай, қап, жеп, өрт, ұрт, ұлт, шорт, тарт, шырт.
3. Ел, ым, ық, қой, діт, жар, қыс, ерт, арс, мерт, мүлт, қылқ.

## Қазақ тілінде дауысты дыбыстардың жіктелуі

Дауысты дыбыстардың жасалуына белгілі сөйлеу мүшелерінің ерекше қатысуына қарай дауысты дыбыстар бірнеше топқа бөлінеді. Олар: жуан және жіңішке, ашық және қысаң, еріндік және езулік дауысты дыбыстар.

1. Тіл қатысуына қарай *жуан* және *жіңішке* болып бөлінеді.
2. Жақ қатысуына қарай *ашық* және *қысаң* болып бөлінеді.
3. Ерін қатысуына қарай *езулік* және *еріндік* болып бөлінеді.

## Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар

Дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке болып бөлінуі тілдің қатысуына байланысты.

Тілдің ұшы кейін тартылып, үсті дөңестену арқылы жасалған дауысты дыбыстарды жуан дауыстылар дейміз. Оларды кейде тіл арты дауысты дыбыстар деп те атайды. Жуан дауысты дыбыстар мыналар: *а, о, ұ, ы, у,*

Тілдің ұшы ілгері қарай созылып жатуы арқылы жасалған дауысты дыбыстарды жіңішке дауыстылар деп атайды. Оларды кейде тіл алды дауысты дыбыстар деп те атайды. Жіңішке дауысты дыбыстар мыналар: *ә, ө, у, і, е, э, и, у*.

Ескерту: у дыбысының әрі жуан, әрі жіңішке (*бару, келуі*) айтылуына қарай, ол жуан да, жіңішке де дауыстылардың топтарына жатады.

### **Ашық және қысаң дауысты дыбыстар**

Дауысты дыбыстардың ашық және қысаң болып бөлінуі жақтың ашылуы калпына байланысты.

Жақтың кең ашылуы арқылы жасалған дауысты дыбыстарды ашық дауыстылар деп атаймыз. Олар: *а, ә, о, ө, е, э*.

Жақтың тар ашылуы арқылы жасалған дауысты дыбыстарды қысаң дауыстылар деп атаймыз. Олар: *ы, і, и, у, ұ, ү*.

### **Еріндік және езулік дауысты дыбыстар**

Дауысты дыбыстардың жасалуына ерін мен езудің қатысуына қарай олар *еріндік және езулік* дауысты дыбыстар болып бөлінеді.

Еріннің дөңгеленіп алға қарай созылуы арқылы жасалған дауысты дыбыстарды еріндік дауыстылар деп атаймыз.

Еріндік дауыстылар мыналар: *о, ө, у, ұ, ү*

Езудің кейін тартылуы арқылы жасалған дауысты дыбыстарды езулік дауыстылар деп атаймыз. Езулік дауыстылар мыналар: *а, ә, е, э, ы, і, и*.

**3-жаттығу.** *І. Төмендегі сөйлемдерден у әрпінің жуан және жіңішке, қосарлы ыу, іу, ұу, үу дыбыстарын таңбалайтын сөздерді тауып оны түсіндіріңдер.*

Досай Бәйгеұлы /1699-1790 ж.ж./ қазақтың белгілі шешен биі. Ол Қаратаудың күнге бетіндегі осы күнгі Шымкент облысы Бәйдібек ауданы Алғабас совхозы орналасқан ауылда туған. Досай жастайынан халықтың ата-дәстүрін шешендік өнерді бойына дарытқан. Қазақ шежіресінде Досай би Ұлы жүздің Үйсін тайпасынан шығады. Одан бергі ата-бабалары; Бәйдібек, Жауатар, Қосмағамбет, Құралай, Қойшыбай, Бәйгел бәрі өз заманында ел

камқоры батыр шешен, би болып өткен азаматтар.

Досай би жоңғар, қалмақ басқыншылығының аз-ақ алдында үйлі-жайлы, балалы-баранды болған орта жасында ел билігіне араласқан. Сырттан кара дауылдай қаптап келе жатқан жаудың дүмбілінен есте бастаған елі-жұрты одан және оның батыр інісі Қосайдан ел билігін қолға алып, жаудан аман сақтап қалуды сұранады. Бір тайпа елдің бұл өтінішін ол кездегі Түркістан шаһарын орталық етіп билеп тұрған хандар, билер қолдайды. Сонымен Досай кейбір би, болыстарға ұқсап, "мені би сайландар" деп бар малын шашып шығындап, артынып-шабылмай-ақ көп тілеуі бойынша би болып белгіленеді. /Досай би/.

2. Әріп пен дыбыстың айырмашылығы қандай?

**4-жаттығу.** Мына сөздерді үш топқа бөліп жазыңдар. Алдымен ашық дауыстылары бар сөздерді, екінші қысаң дауыстылары бар сөздерді, үшінші ашық, қысаң дауыстылар аралас келетін сөздерді жазыңдар.

Абзал, абыржы, ақын, әзілдес, әлпет, әлует, бағбан, байғыз, бұрымүйіз, бұлыңғыр, бүлкін, бірқыдыру, бірталай, газет, гауһар, гүлшоқ, ғажайып, ғанибет, данагөй, даугер, даяшы, дәстүр, дұдамал, естияр, етженді, жазира, жайбасар, жұлын, зайып, зиялы, зияпат, ибалы, итарқа, кәртеміш, кемпірауыз, қазанжаппа, ләззатты, мансапқұмар, насихат, несие, озбыр, орынбасар, өкімет, сайгүлік, сахара, таяныш, тоқымқағар, тыюсыз, ұлшық, ұшаяқ, шалшық, эгоист, экран.

**5 - жаттығу.** Мына сөздердің еріндік дауыстылары, езулік дауыстылары, еріндік, езулік дауыстылар аралас келгендерін бөлек-бөлек теріп жазыңдар.

Аққала, ақсерке, ақтұнба, асыл, әсем, әңгімеқұмар, бақыт, бұйымтай, бүркеніш, дарын, дүмпіту, ділдә, жалақор, жүлдегер, кереует, көкжөтел, қуаңқы, мәлімет, намысқой, наркескен, әрен, сауығу, сауу, сықсима, тауал, тәуекел, тәубе, тосқауыл, тыпыршы, үзікше, үйкүшік, үзеңгі.

### Дауыссыз дыбыстар

Айтқанда, ауа кедергіге ұшырап шығатын дыбыстар дауыссыз дыбыстар деп аталады. Сөйтіп, дауыссыз дыбыстарда дауыс болмайды, олар үн мен салдырдан немесе тек салдырдан тұрады. Қазақ тілінде 26 дауыссыз дыбыс бар. Олар: б, в, г, ғ, д, ж, з, и, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ф, х, Һ, ц ч ш, щ. Дауысты дыбыстан кейін айтылғанда, у дыбысы дауыссыз болып келеді: бау, ау, жау т.б. Ал дауыссыздан соң айтылса дауысты болады: бу, су, ту т.б. Дауыссыз дыбыстар үш жақты жіктеледі.

1. Дауыс (үн) қатысына қарай дауыссыздар *қатаң, ұяң және үнді* (сонор) болып, үшке бөлінеді.

Қатаң дауыссыздар: *п, ф, с, ш, к, к, т, ч, ц, ц, х, Һ*. Қатаң дауыссыздарда үн болмайды, тек салдырдан тұрады.

Ұяң дауыссыздар: *б, в, г, г, д, ж, з*. Ұяң дауыссыздарда үн аз болады да, салдыр басым болады.

Үнді (сонор) дауыссыздар: *р, л, й, у* (ауыз жолды) және *м, н, ң* (мұрын жолды). Үнді дауыстыларда үн басым болса да, салдыр аз болып келеді.

2. Дауыссыз дыбыстар айтылуына қарай *шұғыл және ызың* болып, екіге бөлінеді. Шұғыл дауыссыздар: *б, п, д, т, ц, г, к, қ, ч*.

Ызың дауыссыздар: *в, ф, з, с, ж, ш, щ, г, х, Һ*.

3. Жасалу орнына (сөйлеу мүшелерінің қатысына) қарай:

Ерін дауыссыздары: *б, п, м, у*.

Тіс пен еріп дауыссыздары: *в, ф*

Тіс дауыссыздары: *з, с, д, л, ц, ж*.

Тіл алды дауыссыздары: *ж, ш, щ, ч, н, р, л, й*.

Тіл ортасы дауыссыздары: *к, г*

Тіл арты дауыссыздары: *қ, г, ң, х*

Көмей дауыссызы: *Һ*.

**6-жаттығу. 1. Сөйлемдердегі дауыссыз дыбыстарды атаңыз.**

Байжігіт Тоқтарқожаұлы /туған, өлген жылы белгісіз/ Түркістан шаһары маңында туса керек. Жастайынан би, шешен, жырау, батырларды жанай жүріп, солардан тәлім алады. Байжігіттің туған анасы Ақмақта да айтулы ақын болған. Ол Найман тайпасының Қаракерей руынан шыққан Байыс батырдың қызы екен. Байжігіттің шешен, жыршы боп жетілуіне сол Ақмақта апасы көп әсер еткен дейді көне көз қариялар. Байжігіт 14 жасынан билікке араласады. Содан ұзақ жылдар бойы Тортуыл елін билеп, өзінің әділдігі, ділмарлығы, ақыл-парасатымен, әділетті "Ұлыс биі" атанған. Байжігіт биден Тоғас, Жұмық, Мәмбет аталары, ал Мәмбет ұрпағынан атақты Қабанбай батыр тарайды. Қаракерей Қабанбайдың жоңғар басқыншылығын кезінде Абылай ханның бас батыр қолбасшысы болғаны аян. /Қазақтың би-шешендері/.

2. Сөйлемдердегі дауыссыз дыбыстарды дыбыстардың бөлінулерінің тұс-тұсына тиісті дауыссыз дыбыстарды топтап жаз да, олардың бұлайша

*бөліну себептерін айт.*

*3. Билердің сөзінен р, л дауыссыз дыбыстары бар 10 сөз жазып, олардың жазылу емлесін еске сақтаңыз.*

**7-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді көшіріп, сөздердегі қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды ажыратып жазыңыз.

#### ЕСЕНКЕЛДІ БИ

Есенкелді Құдайназарұлы /18 ғ./ Жоңғар шапқыншылығы кезінде ғұмыр кешкен қазақтың белді билерінің бірі. Қазақ шежіресінде Есенкелді бидің арғы тегі Бәйдібек бабаның үшінші зайыбы Домалақ анадан тарайды. Сол Домалақ анадан Жарықшақ деген ұл Күнбибі /Қызай/ Ақбибі /Мұрын/ және Сыбан деген қыздар туады. Жарықшақтан Албан, Суан, Дулат тайпалары тарайтыны белгілі. Дулаттың Ботбайынан Құдайқұл, Шағай, -Итемген, Меңіс, Меңістен Тәңірберді, Тілеуберді, Тәңірбердіден Есенкелді бидің әкесі Құдайназар туыпты. Қызай Меңіс, Тәңірберді, Құдайназар бөрі де шетінен бабасы Бәйдібекке ұқсап елін, жерін қорғап өткен батырлар екен. Солардың ішінде әсіресе, Қызай қызбен Құдайназардың асқан батырлығы ел аузында аңызға айналып, осы кезге дейін айналып келеді. Қызай аспанға лақтырған тақияны, көз ұшында ұшып бара жатқан торғайды атып түсіре беретін мерген бопты. Бір соғыста Қызай шапқыншылардың құз басына бекінген он бес мергенін атып түсіріп, өздеріне жол ашады. Аякөз, Матай аралығындағы тауларды жайлаған ауылдарды мал-жанымен жаудан құтқарып алады. Сол таулардағы қырғын шайқаста өзі де ерлікпен мерт болады. Кейін ел-жұрты сол тауды "Қызай тауы" деп атап кетеді. /Қазақтың би-шешендері/.

*2. Билердің сөзінен қ, к, г, г дауыссыз дыбыстары бар он сөз жазып, сол сөздерді қатыстырып ауызша 10 сөйлем айтыңыз да, олардың емлесін еске сақтаңыз.*

*3. "Мерген" сөзіне талдау жасап, синонимін ата.*

#### Буын және оның түрлері

Тілдегі сөздердің жасалуы мен айтылуы біркелкі емес. Сөздегі бір дауысты немесе дауысты мен дауыссыз дыбыстар дауыс толқынымен бөлшектеніп, топталып айтылады. Мысалы *балалар, әкеміз, жақсылық* сияқты сөздер *ба-ла-лар, ә-ке-міз, жақ-сы-лық* болып, дауыс толқыны бөлшектеніп айтылады.

Сөздің айтылуында бөлшектелетін ауаның бір толқынын *буын* деп атайды. Мысалы: *ба-ла-лық., мә-лім-де-ме, ке-ле-ше-гі-міз* т.б. Қазақ тілінде буынның үш түрі бар: *ашық буын, тұйық буын және бітеу буын.*

1. *Ашық буын* дегеніміз - бір дауысты дыбыстан ғана тұратын немесе дауыссыз дыбыстан басталып, дауысты дыбысқа аяқталатын буын. Мысалы: *а-ла-са, те-ре-зе, ә-ке а-та, а-та, ба-ла, ке-ле.*

2. *Тұйық буын* дегеніміз - дауысты дыбыстан басталып, дауыссызға бітеді. Мысалы: *от, ат, оз, ем, ет, өрт, ант.*

3. *Бітеу буын* дегеніміз - ортасы дауысты, екі жағы дауыссыз болып келген буын. Мысалы: *мал, бас-қар, жаз-ғыз, бер-мек тарс-тұрс, сау-мал, қант, мек-теп, жас-тық, сырт, көз* т.б. Ескерту: үш дыбыстан құралған тұйық буын (*ант, арт*) және төрт дыбыстан құралған (*сырт, сарт, қант*) бітеу буындар кездеседі.

**8-жаттығу.** 1. Төмендегі алынған сөздерді буынға бөліп оқып шығыңдар. Алдымен бір буынды сөздерді, онан соң екі буынды сөздерді, ең соңында көп буынды сөздерді көшіріп жазыңдар.

Сапақ, шамасында, атаған, елі, өз, уақтысында, өскен, ол, хан, көрікті, би, боп, сол, кісі, Құнанбай, пікірлес, шақырған, ас, бір, алыс, шөліккеп, жігіттері, отырып, Берместің, қымыз, айтылады, қырыққа, деп, жыл, от, басыңның, қаласың.

2. Буынның қандай түрлері бар?

3. Жаудың, бетін - деген сөздерге фонетикалық талдау жасаңдар.

**9-жаттығу.** 1. Төмендегі сөздерді қалай тасымалдауға болатынын дефиспен бөліп көрсетіңдер.

Көтеріліс, жәрдемші, батырдың, ұзаққа, шабуылға, бекіністер, жергілікті, қазақтың, өрісін, сенімді, қыспаққа, шайқастар, қатысқаны, халықтарға, патша үкіметі, шешендік, ұстаздық, меңгереді, әлеуметтік, хандықтарына, батырлық.

2. Сөздердің буын саны неге байланысты және қай дыбыстар буын жасай алады?

3. Жылқысын - сөзіне фонетикалық талдау жасаңдар.

### **Үндестік заңы. Буын және дыбыс үндестігі**

Түбір мен қосымшаның жігіндегі және сөз аралығындағы көрші дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп, ыңғайласып, үйлесіп қолданылуын дыбыстардың *үндестік заңы* деп атайды. Мысалы: жұмысшы дегенде айтылуда ш дыбысының әсерінен түбірдегі с дыбысы ш дыбысына айналып, жұмышшы болып, *ала кел* деген сөзді айтқанда, сонғы а дыбысының әсерінен к

дыбысы *г* дыбысына айналып, ала гел болып айтылады. Осылайша дыбыстар бір-біріне ілгерінді — кейінді ықпал жасайды.

Үндестік заңы екі түрлі болады: *буын үндестігі* және *дыбыс үгідестігі*

### ***Буын үндестігі***

Сөздің соңғы буынының жуан, жіңішке болуына қарай қосымшалардың да бірыңғай жуан не жіңішке түрде жалғануын *буын үндестігі* немесе *сингармонизм* дейміз. Мысалы: *көршілермен, қой-шы-лар-ы-мыз-дың, қой-ды, ән-ші-лер-ге, ән-ге т.б.*

Түбір мен қосымша арасында буын үндестігінің мынадай заңдылығы бар.

Қазақтың байырғы түбір сөздердің соңғы буыны жуан болса, оған жалғанатын қосымша да жуан, ал түбірдің соңғы буыны жіңішке болса, оған жалғанатын қосымшалар да жіңішке болады. Мысалы: *ауыл-да-ғы-лар-ға, үйде-гі-лер-ге т.б.*

Тілімізде буын үндестігіне бағынбайтын да қосымшалар бар. Мысалы: *адам-мен, әсем-паз, арба-кеш, ем-хана, әзіл-қой т.б.*

### ***Дыбыс үндестігі***

Түбір мен қосымшаның жігіндегі сөз бен сөздің арасындағы дауысты және дауыссыз дыбыстардың көршілес дауыссыз дыбыстарға ілгерінді-кейінгі ықпал етіп өзгертуін *дыбыс үндестігі* немесе *ықпал заңы* (*ассимиляция*) дейді.

Қазақ тілінде ықпал заңының үш түрі бар: *ілгерінді ықпал, кейінгі ықпал және тоғыспалы ықпал.*

***Ілгерінді ықпал.*** Сөз ішінде немесе сөздер аралығында алғашқы дыбыстың өзінен кейінгі дыбысқа әсерін тигізіп үйлесуін ілгерінді ықпал дейміз. Мысалы; *бала-лар, күз-дік, от-пен, космос-қа, Қонысбек, Тынысбек, тас бер.*

***Кейінгі ықпал.*** Сөз ішінде немесе сөздер аралығында кейінгі

дыбыстың өзінен бұрынғы дыбысқа әсер етіп өзгертуін *кейінгі ықпал* дейміз. Мысалы: *күрек - күрегі, доп - добы, тарақ - тарағы, тап — таба, тауып.*

**Тоғыспалы ықпал.** Сөз тіркестерінің, біріккен сөз сыңарларының аралығындағы көршілес дыбыстардың бір-біріне қатар ілгерінді де, кейінгі де әсер етіп, екеуінің де басқа дыбысқа ауысуын тоғыспалы ықпал дейміз. Мысалы: *Досжан, Жанқожа, Аманкелді (Дошжан, Жаңқожа, Амаңгелді) т.б.* Жазуда бұл дыбыстық өзгеріс ескерілмейді.

**10-жаттығу. I. Берілген мәтінді мәнерлеп оқып, мазмұнын айтыңыздар. Мәтіннен буын үндестігіне сай емес сөздерді табыңыздар**

Тоқсан бидің әкесі - Жабай би, атасы - Қара би "Әкет Қара биден қалған билікті бердім" деп кеткен екен әкесі. Киікбай бидің батасын алған Тоқсан би үш жүздің билері бас қосқан үлкен бір дауды сарапқа түсіп саңлақ атаныпты. Ел аузындағы әңгімелерде Тоқсан бидің әділ сөзге тоқтап, тосылғанын мойындаған тұстары да жоқ емес. Мұның өзі Тоқсанның сөз қадірін қастерлеген ақыл, парасат иесі болғанын аңғартса керек. Ел ішіндегі белгілі де беделді Жаппас деген қарияның баласы ер жеткен шағында кенеттен қайтыс болып, қатты күйзеледі. Сенім артқан сүйеніші, көрер қызығы бар алданышынан айырылған Жаппасқа бұл қаза қасіреттей батады. Оның жағдайы күннен күнге төмендеп, төсек тартып қалады. Осы жайды естіген, жастайынан Жаппасты сыйлап өскен Тоқсан би көңіл сұрауға арнайы келеді де, Жаппастың үйінің босағасынан аттай бере ағылтып қоя береді. Бидің аңқылдаған көңіліне, жарқылдаған асыл сөзіне елең еткен Жаппас жайлап басын көтереді.

*/Тоқсан би/.*

2. Мәтіннен ілгерінді ықпалды тауып, оған талдау жасаңыздар.
3. "Қадір" сөзіне фонетикалық талдау жасаңыздар /ауызша/.

**11-жаттығу. I. Сөйлемдердегі дыбыс үндестігіне талдау жасап, көшіріп жазыңыздар.**

Сол Нұржан Досболдың дауысын естіп, «жаңылмас жақ, сүрінбес тұяқ болушы ма еді, адамына кездеспей жүрген шығар, егер сол кісімен кездесем, сөзден тосар едім-ау» дейтіні көрінеді. Бірақ өзі іздеп баруға жер шалғай, сан-сапалақ шаруадан қолы тимейді. Оның бұл сөзінен қабырға бойын жайлап отырған Досбол да құлақтанады. Ол да Нұржанды бір көруге құмартады. Содан бірде қасына төрт-бес адам ертіп, Нұржан іздеп жолға шығады.

*/Досбол би/*

2. Кейінгі ықпалы бар сөздердің астын сызып көшіріңдер.

## **Тасымал**

Жазып келе жатқанда сөздің жолға сыймай қалған бөлігін екінші жолға көшіруді тасымал дейміз. Сөздер былай тасымалданады.

1. Көп буынды сөздер буын жігімен тасымалданады. Мысалы: қа-ла-шы-лар-ға, кө-мек-ші-лер.
2. Бір ғана дауысты дыбыстан тұратын буынды жол соңында жеке қалдыруға да, жаңа жолға тасымалдауға да болмайды, Мысалы: өзім, ана (а-на, ө-зім емес).
3. Екі дауысты дыбыстың ортасында й, у дауыссыз дыбыстары бар болса, бұл дыбыстар келесі буынның басында келеді және солай тасымалданады. Мысалы: сауық, са-уық (сау-ық емес), тауық, та-уық (тау-ық емес), кейін, ке-йін (кей-ін емес).
4. Бір буынды сөздер тасымалданбайды: ай, бу, су.

## **Орфография мен орфоэпия**

Тілдегі сөздердің жазылуы мен айтылуы бірдей бола бермейді. Демек сөздердің жазылу заңдылығы да, айтылу да болады. Сөздердің дұрыс жазылу ережелерінің жиынтығын және оны қарастыратын тіл білімінің саласын орфография дейді.

Сөздердің дұрыс жазылу ережелерін сақтау үшін басты екі принцип басшылыққа алынады. Олар морфологиялық және фонетикалық принцип.

Морфологиялық принцип дегеніміз - әр сөздің түбірі мен оған жалғалатын қосымшаның тұлғасын сақтап жазу принципі. Мысалы: бас-шы, кете алмай (башшы, кеталмай емес) т.б.

Фонетикалық принцип дегеніміз - сөздердің естілу дағдысын сақтап жазу принципі. Мысалы: тап-ып = тауып (тапып емес) тарақ+ы - тарағы (тарақы емес), Торайғыров (Торыайғыров емес).

Сөздердің, дұрыс айтылу ережелерінің жиынтығын немесе дұрыс айтылу нормасын және оны қарастыратын тіл білімінің саласын орфоэпия деп атайды. Мысалы: Дүйсембі (жазылуы дүйсенбі), ала гелді (жазылуы ала келді).

Фонетика тіл дыбыстарын зерттейді. Осыған байланысты талдаудың мынадай түрлерін жүргіземіз.

#### Фонетикалық талдау

1. Дыбыстардың түрлерін анықтау.
2. Буын жігі мен түрлерін ажырату.
3. Үндесу заңдылығын ажырату.

Мысалы: Үлкенді тыңда.

#### Дыбыстардың түрлерін ажырату

ү - дауысты, жіңішке. қысаң, еріндік

л - дауыссыз, үнді

к – дауыссыз, қатаң

Е - дауысты, жіңішке, ашық, езулік

н - дауыссыз, үнді

т - дауыссыз, қатаң

ы - дауысты, жуан, қысаң, езулік

ң- дауыссыз, үнді

д- дауыссыз, ұяң

а - дауысты, жуан, ашық, езулік

2. Буын жігі мен түрлерін ажырату.

ҮЛ-КЕН-ДІ - жіңішке буынды сөз      тың-да - жуан буынды сөз

үл - тұйық буын                      тың- бітеу буын

кен- бітеу буын                      да - ашық буын

ді - ашық буын

3. Үндестік заңдылығын ажырату

1. Буын үндестігі (сингармонизм) заңдылығы сақталған, себебі сөздер бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке вариантта болып тұр. Мысалы: үлкен-ді, тыңда.

2. Дыбыс үндестігі (ассимиляция)

Ілгерінді ықпал. Үлкен түбір сөздегі соңғы дыбыс үнді, жалғанған қосымша ұяң.

## ЛЕКСИКА

### Лексика жайлы түсінік

Лексика (лексикос – грекше сөз дегенді білдіреді) тілдің сөз байлығын, олардың мағыналарын, сөздік қоры мен құрамын, олардың даму, баю жолдарын қарастырады.

Тілдің сөз байлығы бірімен-бірі тығыз байланысты екі саладан тұрады: негізгі сөздік қор және сөздік құрам. Негізгі сөздік қор деп сол тілде сөйлейтін жалпы халыққа түсінікті тіл жүйесін айтады. Негізгі сөздік қор көлемі жағынан сөздік құрамнан аз болады да, сөздік құрамның бөлшегі деп есептеледі. Сөздік құрам сөздік қорға енетін түбірлік сөздерді ішіне алатын, тілде қолданылып жүрген барлық сөздердің жиынтығы болып саналады. Сондықтан ол сөздік қорға қарағанда, көлемі жағынан анағұрлым көп болады. Тілдің негізгі сөздік қоры мен сөздік құрамының аралары алшақ жатқан дербес, екі бөлек нәрсе емес екеуі бірінсіз-бірі өмір сүре алмайтын біртұтас тілдік құбылыс.

### Сөз мағыналары туралы түсінік

Белгілі бір заттың, құбылыстың, оқиғаның, сапа-белгінің, санның, қимылдың т.б. ұғымның атауын **сөз** дейді. Сөздің сыртқы көрінісі және ішкі мазмұны бар. Сөздің формасы – дыбыстар жиынтығының бір жүйеде айтылуы. Белгілі бір жүйеде айтылған дыбыстар ғана сөз жасай алады. Сонымен бірге сөздің білдіретін мағынасы болады. Мысалы *алма* деген сөзді айтқанда, ол туралы мынандай еске аласыз. Жемістің бір түрі, оның өзіне тән иісі мен дәмі болатыны, сыртқы түрі мен түсі т.б. Міне осы сияқты ұғымдардың жиынтығын алма деген сөздің мағынасы айқындалады. Сөздің көрінісі-дыбысталуы және сөздің мазмұны-мағынасы бір-бірімен тығыз байланысты. Дыбыссыз сөз, сөзсіз мағына жоқ.

Сөздің тура және ауыспалы мағынасы болады.

Сөздің зат, құбылыс, ұғым, түсінік, болмыс, амал, әрекеттерге тағылған атау түріндегі бастапқы мағынасын сөздің тура дейді де, бастапқы мағынасынан ауыстырылып, өзге мағынада қолданылуын ауыспалы мағынасы дейді. Мысалы. Қол адамның дене мүшесі. Бұл осы сөздің тура мағынасы. Сен менің оң қолымсың деген сөйлемде оң қолымсың деген сөйлемде оң қолымсың деген сөз көмекшімсің деген мағынаны білдіріп тұр. Ал қол ұшын береді деген тіркес тіркес жәрдемдесті деген ұғымды, қолы жеңіл – ісі сәтті деген ұғымды білдіреді. Бұлар – қол сөзінің ауыспалы мағыналары. Кейде бір сөз бірнеше мағынада да қолданыла береді. Мысалы. Ақ сүзі бірде түсті білдіріп, ақ көйлек деген тіркесте қолданылса, бірде сүт, айран дегенді білдіреді.

### **Көп мағыналық және омоним**

Сөз өзінің негізгі мағынасынан басқа мағынада да қолданыла береді. Бірнеше мағынада қолданылатын сөздерді *көп мағыналы сөздер* дейді. Көп мағыналы сөздер көрк... шығармаларда жиі қолданылады. Өздерінің шығармаларында ақын-жазушылар кейбір сөзді екі, үш мағынасын да қатар алып жұмсай береді.

*Екі күймек бір жанға әділет пе,  
Қаны қара бір жанмын, жаны жара.  
Ашиды жаның, қайнайды қаның,  
Мінездерін көргенде....(Абай).*

Көп мағыналы сөздер мен омонимдерді шатастыруға болмайды. Көп мағыналы сөздердің мағыналары бір-біріне жақын, бір-бірімен байланысты болса, омоним сөздердің мағыналары бір-бірімен байланысты емес, мағыналары бүтіндей бөлек болады.

*Омоним.* Айтылуы, тұлғасы бірдей мағыналары бір-бірінен мүлде басқа сөздерді омоним дейміз. Мысалы: *жақ-дене мүшесі, сүйек; жақ-етістік (от жақ); жақ-бірлік, одақтасу (жақтасу); жақ-бағыт(оң жақ, сол жақ)*

***Көп мағыналық***

***Омоним***

*Адамның басы                      адамның басы*  
*Таудың басы                      аяғыңды бас*  
*Судың басы*

**12-жаттығу.** 1. Төмендегі сөйлемдерден көпмағыналы /полисемия/ сөздерді теріп жазып, олардың мағынасын анықтаңдар. /"Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін" пайдаланыңдар/.

1. Ол - бір нәрсені естіп, көріп білдің, хан келді, қазір соған ұқсағандарды тексересің. 2. Түгел ұқсаған ба? Яки бір ғана жерден ұқсағандығы бар ма? 3. Және әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса - жарамайды. Өлшеуін білмек - бір үлкен керек іс "Ненің қызығын көп іздесең, соның күйігін бір тартасың" деген бұрынғы ғалымдар. 4. Ол екеуі кімде бар болса, бағанағы екі қуат мұнан салсаң онан шығатын бір жорға атпенен тең. 5. Құдай табарака уатағаланың барлығының үлкен дәлелі -неше мың жылдан бері әркім әр түрлі сөйлесе де, бәрі де бір үлкен құдай бар деп келгендігі, уа һәм неше мың түрлі діннің бәрі де ғаделет, махаббат құдайға лайықты дегендігі. 6. Ол бір-бірімен шығыршық арқылы жалғасады және бірнеше төрт бұрыш, үш бұрыш, дөңгелек әшекейлерден құрастырылады. 7. Мойынға тағатын әшекей заттың бірі бой тұмар. 8. Қазақ ерлері мен әйелдері бірдей тұтынған асыл бұйымның бірі – белбеу. 9. Төл емгеннен кейінгі сары уыз бүйенге, ішекке құйылып етпен бірге пісіріледі. 10. Көгермей, қызбай бір тегіс кебу үшін өреде жатқан кезде оны бірнеше рет аударыстырады. *"Қазақ халқының салт-дәстүрлері"*

2. *"Уатағаланың"* деген сөздің мағынасын түсіндіріп, қазіргі тілдегі баламасын табыңыз.

**13-жаттығу.** 1. Төмендегі сөйлемдерден ауыспалы мағынада қолданып тұрған сөздерді табыңыздар.

1. Ел аузындағы аңызға қарағанда, Байдалы шешен бай бола алмапты. 2. Дүние құрастырып, дәулет жинауға, сірә, ол кісінің қолы тимесе керек. 3. Бірақ бай болмағанымен, кедейлікке бас иіп, құл да болмапты. 4. Ол ақылын азық, асыл сөзін сусын етіп, дүниеден өткен адамдардың бірі екен. 5. Ел ішіндегі ауыр хал мен хан өкілдерінің озбырлығын айтып, Жетес шешен Әбілхайыр ханға бірнеше рет барады. 6. Бірақ хан сөзге құлақ аспайды, елдің тұрмысын жеңілдету қамын ойламайды. 7. Қыпшақтың жас болыс, билері келіп, оның көңілін сұрап, қолын алмайды, 8. Шиелі жеріндегі артын Әйтеке болыс қыпшақ елінің бір қанатын билеп тұрады екен. 9. Шаруасы төмен кедей болғанымен өткір тілді, қисық істі көргіш әділ шешен Ыбырайды халық қатты сыйлайды екен. 10. Бір жылы қыс ішінде Орта жүзде бір ұлы жиын болып, әр елге сауын айтылады. 11. Көңіл айтып жұбатқандардың сөзін құлағына ілмепті.

2. *Сөздің көп мағыналылығы деген не?*

3. *"Жақсы" деген сөздің антониміне бірнеше мақал жазыңыз және*

*ол мақалдың мағынасын түсіндіріңіз.*

**14-жаттығу.** 1. Оқыған кітаптарыңыздан бес-алты омонимді теріп алып, олардың әрқайсысы қанша мағына білдіріп тұрғанын түсіндіріңіз.

ҮЛГІ: а/ Жай адамның халі, үй орын, дастархан жай, ақырын -баяу, жай келіп пе?

б/ Алма - оны алма - бірнәрсені алма деген сөз, жеміс түрі, адам аты.

в/ Қаз - жерді қаз, құс түрі.

*Омоним деп нені айтамыз?*

**15-жаттығу.** 1. Төмендегі омоним сөздердің әр түрлі мағынасын тауып, сөйлем құрап жазыңыздар.

Үлгі 1. Мен ақ ат көрдім. 2. Сенің атың кім? 3. Кеше біз Әуезов атындағы театрда болдық. **Би, бас, қара, түс, жаз, ана, ой, жар, арық, тер, жас.**

2. *Омонимдес аффикстерді қалай атауға болады?*

3. *Аралас омонимдерге, яғни көп компонентті омонимдерге бірнеше мысал келтіріңіз, олардың синонимін табыңыз.*

### **Синоним. Антоним.**

**Синоним.** Тұлғасы, айтылуы басқа-басқа, бірақ бір-бірімен мағыналары жуық сөздерді *синоним* дейміз. Мысалы: *абырой, бедел, қадір немесе мықты, берік, күшті, бекем; сөйле, айт; асыл, абзал, ардагер т.б.*

**Антоним.** Бір-біріне қарама-қарсы мәнде айтылатын сөздерді *антоним* дейміз. Мысалы: *алыс-жақын, үлкен-кіші, жеңіл-ауыр, қиын-оңай, жылы-суық, жоғары- төмен, ескі-жаңа т.б.*

**16-жаттығу.** 1. Төмендегі синоним сөздерді қолданып сөйлем жазыңдар.

Абзал, ардагер, асыл.

Арық, көтерем, көкбақа, қатпа, тарамыс, ыңыршақ.

Әдепті, тәртіпті, көргенді

Әзір, дайын, даяр.

Байыпты, салмақты, байсалды, сабырлы, ұстамды, төзімді.

Беймаза, мазасыз, тынышсыз, дамылсыз, дембірсіз.

Дастарқандас, табақтас, дәмдес.

Елті, икемді, бейімді, ыңғайлы, оңтайлы, ықшамды, оралымды.

Жеңілтек, ұшқалақ, күйгелек, қаңғалақ,

10.Катал, қайырымсыз, мейірімсіз, тас бауыр, без бүйрек.

*Функционалды семантика заңын қалай түсінесіз?*

*"Дастарқандас" сөзінің синонимдерін табыңыз.*

*17-жаттығу. 1. Төмендегі сөздерге қарсы мағыналы сөздер ойлап табыңдар да, сөйлем құрап жазыңдар.*

Ақ, қыс, дос, таза, жұқа, аласа, жаңа, терең, қою, сәтті, берік, жіңішке, ыстық, шапшаң, онай, асты, аз.

Мысалы: Отырса аттан биік.

Тұрғанда аласа

Ойлап көріңіз,

Бұл не деген тамаша. /Жұмбақ, Ертоқым/.

Ақ жерде қара тары,

Кім шашса сол орады /Хат таныған адам/.

*Антоним сөздердің лексикада алатын орны қандай? Туынды түбір арқылы жасалған антонимдерге мысал келтіріңіз*

### **Метафора, Метонимия, Синекдоха**

Метафора грек тілінің «**metaphora**» ауысу деген сөзі бойынша жасалған термин.

Белгілерінің ұқсастығына қарай бір заттың не құбылыстың екінші бір зат не құбылыс атауларымен аталуының негізінде сөз мағынасының ауысуы **метафора** деп аталады.

Мысалы, есіктің тұтқасы дегенде есіктің қолға ұсталатын жері деген мағынаны білдіреді. Бұл оның тура мағынасы. Ал «Адам - өмір тұтқасы» дегендегі тұтқа сөзі тірек деген мағынаны білдіреді. Бұл сөз тұтқа сөзінің туынды және ауыспалы мағынасы екендігін айқындайды.

Сондай-ақ өткір пышақ дегенде сөздің тура мағынасы ретінде қолданылып тұр. Ал өткір сөз, өткір көз, өткір жігіт дегенде өткір сөзі келтірінді және ауыспалы мағынада қолданылады.

**Метонимия** (гректің *metonymia* атын өзгертіп атау мағыналы сөзі) — белгілі бір заттар мен құбылыстардың сыртқы және ішкі мән-мағынасының реалды байланыстылығына қарай алмастыру амалы.

Мәселен, *Сәкенді оқыдым десек, Сәкеннің шығармаларын оқыдым* дегенді аңғарамыз. *Дина жеңгейдің дастарқаны мол екен, — десек, Динаның стол жапқышының көлем — мөлшерін айтпаймыз; тағамы мол екен немесе Динаның қолы ашық, барын аямайды* деген мағынаны

ұрамыз. Олай болса, дастарқан сөзі ауыспалы, бейнелі мағынада қолданылып тұр. Сонда бұл сөйлемдердегі *оқыдым, дастарқаны* дегендер — метонимия.

**Синекдоха** (гректің *synekdoche* — бірге жобалап, нобайлап, шамалап түсіну мағыналы сөзі) — бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны (дараны), үлкеннің орнына кішіні немесе, керісінше, жалқының орнына жалпыны, бөлшектің орнына бүтінді қолдану негізінде сөз мағынасын алмастыру амалы.

Мәселен, бір адамда бір-ақ *бас* болатыны белгілі. Сөйте тура, қазақ: — *Басың* нешеу? — деп сұрайды. Төрт-бес *жанбыз* *гой...*— деп жауап береді. Төрт-бес *тұяғымыз* бар десе, төрт-бес қой-ешкім бар деген сөзі. *Бас* екеу болмай, мал екеу болмайды; Қазан басында қаптаған *ақ жаулық; көп бастар* шұлғысып, *көп сақалдар* шошандасып қалды, Шекесі шығыңқы домалақ *бастар*, бүйірі созыңқы ұзын *бастар-*, өнерге біткен ашық *маңдайлар*, өнерсіз еті калың *маңдайлар* екі жыл бойы алдымнан кеткен жоқ. (Ғ. Мұс.) *Жат* хабарды Жігітек алғаш естіген жерде бірталай *ақ сақал, қара сақал* боп, Оралбайды қатты кіналағанын да білді. (М. Ә.); Көп қорқытады, *терең* батырады; Білекті *бірді* жығар, білімді *мыңды жығар*.(І.М.); *Тұмсықтының* тамағы шоқуменен табылар, өнер-білім дегенің оқуменен табылар, (БІ. А.); Артымыздан *қол* жетті.

**18-жаттығу. 1. Берілген сөйлем ішінен метафораларды тауып, түсіндіріңіз.**

1. Райымбек ойлай-ойлай қиял теңізіне бойлап бара жатқанда аяқ астынан шыққан тасыр-тұсыр, абыр-дабыр елең еткізді. 2. Қарттың көкірегінде үміт оты тұтанып келе жатыр еді. 3. Райымбек ой теңізіне шомылып келе жатқанда соңындағы сарбаздан бір хабар жетті. 4. Райымбектер тау етегінен түсіп, көсілген кең жазықпен күншығысқа бет алды. 5. Тұла бойы қорғасындай балқып, тұңғыш рет шашынан иіскеді. 6. Міне, алқап төсі күн сәскеге көтеріле шыжандай адам, қара-қорым, ат көлікке толды. 7. Ай отырып, той-жиын өткізіп, таптаурын болған қара жұртты қалдырды да, тау ішінің жел өтінен ықтасын сай-сала, жыра-жылғаларына барып, ауыл-ауыл болып қоңсы қонып, қоныс тепті. 8. Сондықтан неменеңе мәз болып қыс көзі қырауда дірдектеп далада жүресіндер, одан да үйлеріңе келіп

шаруаларыңды істеңдер. 9. Сонда да істеп отырған қылығы әлгі болған соң, менің де зығарданым қайнағаны сонша, ол ауылдан мұнда жүргенінің бар-жоғы он-он бес адам екен. 10. Жол жағдайын, жер сырын жетік білетін Есжан он-он бес жігітті ертіп, жарты күндік жерге келгенде көз ұшынан түйдектеле қарауытып үлкен топ болып, бірыңғай боран түстілер көрінді. (Райымбек батыр)

2. *Метафора қалай жасалады?*

3. *Мына сөйлемдегі сөздерге ле*

*ксикалық талдау жаса. Қарттың көкірегінде үгіт оты тұтанып келе жатыр еді.*

**19-жаттығу.** 1. *Берілген сөйлем іштерінен метонимияларды тауып, түсіндіріңіз.*

1. Осы ұрыстан соң "Бадам өлген" одан кейін біржола «Бадам» атанған, ежелгі көкөзен алқабы сазбалшық пен қанбалшыққа айналды. 2. Сан мың сарбаз ішіндегі екі қызды жау жаққа даралап тұрып аттандырғаным қалың құлақ арасындағы екі том гүлді үзіп алып, аулаққа лақтырып тастағанмен бірдей болыпты-ау. 3. ... Бадам батыр желпісіне тартып кеткеннен кейін артта қалған ауыл үй іші бір сәт әбігерден арылып, еніп шығарғандай тымырсық тыныштыққа бөленді. 4. Өзге-түгіл өз бала-шағаларының да қайда жүргенін білмей адасқандар ғой. 5. Қолбастаушыларынан қара үзіп қалмау үшін салт атты қалың сарбаз да сайгүліктерінің сауырына қамшыны сипай соғып, бір қалыпты сар желіске салды. 6. Тісін қайрап, қос жұдырығын тас түйіп алып, жігіттер кеткен жаққа қадала қарап, тұрған ол тіл қатқанша екі тентекті алып жігіттерде таяды. 7. Бүйткенше баяғы "Ақтабан-шұбырынды" кезіндегі жоңғар шеріктері қазақ ауылын қалай шапса, сендерді де сөйтіп тып-типыл етіп, кету керек еді - деп сарбаз шалдың бетіне тыжырына қарады. 8. Енді керуен келсе жалаңаш - жалпылықтан да құтылармыз, деп Ташкенді түп орнымен қопара көшіріп келетіндей бар үмітті соған артып, бар жақсылықты содан күтіп, бала-шағаларын да сол керуен алып келер дүниеге дәметтіріп отырған жағдайлары бар. 9. Үш шерігін шығарып алып жақын маңдағы Сары-Манжаға шаптырды. 10. Бар-жоғы мыңға жетпейтін сарбазымен Үңгіртас жазығында Лама Дорждге түменнің қоршауында қалып қойып, он күн бойы берілмей ұрысқан. (Райымбек батыр).

2. *Семасиологияның зерттеу объектісіне не жатады?*

3. *Асыл - тастан, ақыл - жастан.*

*Ананың сүті - бал, баланың тілі - бал.*

*Ақыл алда, ашу артта - деген мақалдардың мағыналарын түсіндіріңіз.*

**20-жаттығу.** 1. *Көп нүктелердің орнына тиісті метафораны және метонимияны немесе синекдохаларды қой.*

1. Сөйтіп әрең бас қаққан бүкіл қазақ... ыдыратпай, бөлінбей жоңғарды біржола қуып, енді қайтып қазақ жерін баспайтын етерміз

деген ізгі үгіт еді. 2. Ол алайда елден аттанарда ордабасынан басталған ұлы жорықтың... келіп түйісіп, жоңғар түмендерімен тіресе тоқтағанынан хабар алған 3. Ертей төңіректегі ... шақырып, апамның жетісін бермек әрі өзінің түсіріп келген олжа малым деп мақтанғаны ма, әлде бір майлап, риза қып жіберсем, менің өткенімді қазбалап не шаруасы бар, тойғанына мәз болып кете берер деді ме, әйтеуір шілденің шыжыған ыстығында төбеде бір ту биені сойыпты да тастапты .5. Сонымен қоса ... жеңісінен кейін Райымбек бастаған өз балаларының аты шулы Сары - Манжа шерігін қалай қаусатқанын естіп білді. 6. Күн күзге айналған сайын жердің оты қашып, ... тықырлана бастаған. 7. Олар кеткеннен кейін Қойандар би төңіректегі әр ауылдың ..., үйіне шақырып алды. 8. Райымбек ұрыстан қол босаған сәттерде, әсіресе, ұйқыға жатар алдында біраз оңаша жүріп кетіп, ... шомып барып, қайта оралатыны бар. 9. Сондай ауыр да азапты ... келе жатқанда қоңтайшаға көмек сұратып жіберген, Шамал ханның екі жаушысы екі есе көбейіп, төртеу болып алдарынан шықты. 10. Биеке, Бердікей, Қабай жырау қатарлы лебізіне жүріп ... қазылы қарияларды Райымбек ең алдымен өз тіліне көндіріп, содан кейін солар арқылы басқаларды жұмылдырды.

*Көп нүктенің орнына қойылатын сөздер, сөз тіркестері: Жұрттың мұртын, үлкен кішіні, Аңырақай атқа мінерлерін, терең ой, қолын, қиял құшағында, Алакөлге, қырдың төсі, құлақ асатын.*

*2. Эвфемизмдер қандай мағынаны білдіреді? Олардың тілдегі орны қандай?*

*3. Ілгері, ерте, араз, адал, дұрыс, алғыс - мына сөздердің антонимдерін тауып жазыңыз.*

### **Архаизм мен неологизм**

Тіліміздегі сөздің бәрі мәңгі жасай бермейді. Кейбіреулері ескіреді, көнереді. Ондай сөздер *көнерген* сөздер деп аталады. Көнерген сөздер **архаизм, историзм** болып екіге бөлінеді. Мағынасы ескіріп, күнделікті қолданудан шығып қалған сөздерді *архаизм* дейді. Мысалы: *сәукеле, тасаттық, биқасап, асадал, зікір, підия.*

Мағынасы көнеленген, бірақ қоғам өмірінде тарихи кезеңдерді еске салатын сөздер *историзм* деп аталады. Мысалы: *ояз, жүздік, мыңдық, ұя, болыс, шабарман.*

Өмір қажеттігінен жаңадан пайда болып қолданысқа түсіп жатқан сөздерді *неологизм* дейді. Мысалы: *тәлімгер, телефон, химия, егемендік, жарлық, т.б.*

*21-жаттығу. 1. Төмендегі үзінділерден көнерген сөздер мен неологизмдерді тап.*

1. Кейінгі кезде ауыл өнімдерін мемлекет алмайтын болды. Содан да өз өнімдерін қайда берерін білмей, қолында ұстап отырған шаруашылықтар аз емес.

Шетелдің қайсыбір кәсіпкерлері алса да, арзан бағаға алады. Бірінші ұсынысым: осындай жағдайларға байланысты қай елмен бірлессек те, жүн иіретін фабрика, тері өңдейтін мемлекеттік зауыт салу керек. Екінші, қазіргі кезде жасалған қылмыстың көбін ішімдік ішкіштер жасап жүр. Көріп жүрміз, арақты қолдан жасайтындар шықты. Сол себепті, арақ жасаған кісілерге қатаң тыйым салу керек. Шетелден арақ алуды тоқтатқан жөн. Мемлекет өзі шығарған арақтың сапасын жақсартатын уақыт болды ғой. Үшіншіден, еліне қайтып келіп жатқан қазақтарға төлқұжат алу, азамат атану, тым кейінгі шегеріліп қойылған мұны қалай түсінуге болады. Шетелден келген қандастарымыздың он күн ішінде, әрі бір айдан қалдырмай өз елінің азаматтығын алуын қажет деп санайтын. Міне, ойымда жүрген бірен-саран пікірім осы еді.

*/ "Егемен Қазақстан" /*

2. Мен 40 жыл кеңшарда шопан болып, былтыр зейнеткерлікке шықтым. Айына алатыным 2000 теңге зейнетақы. Киім-кешек, басқаны былай қойғанда ауыз шаюға да, яғни азық-түлікке де жетпейтінін әркім сезіп отырған шығар. Сонда қалай күн көруім керек? Қырық жыл бойы қыстақ пен жайлаудың арасыны шығырлап жүргенде жеке баспана туралы ойлауға да уақыт болмапты. Енді менің басымда үй жоқ, далада қалдым. Ақпарат құралдарын алып қалсақ, айтылар әңгіменің аяғы "әркім нарық талабына сай өзі күн көру керек" деген пікірге салды.

Үкіметтің жекешелендіру жөніндегі саясатын бастапқыда жылы қабылдағанымызды несіне жасырамыз. Бірақ, соның да шырғалаңы мол болып шықты. Сосын біз көзбен көріп, қолмен ұстамағансың ба, әйтеуір "пай" деген ұғымға оншалықты түсінбей жүрміз. Өзі сонысын берсе алашығымызды алып, ұжымнан шығайық десең шаруасы шаш етектен екен. Әйтеуір, түсініп болмайтын түпсіз дүние.

*/ «Егемен Қазақстан» /*

*Фразеология дегеніміз не?*

*Бірінші, екі мың, бес-алты сөздерінің сан есімнің семантикалық топтарының қайсысына жататынын анықта.*

### **Диалект сөздер мен кәсіби сөздер**

Белгілі бір аймаққа ғана түсінікті болып қолданылатын, өзге өңір адамдарына түсініксіздеу болатын сөздерді *диалект* сөздер дейді. Мысалы, *оттық (сіріңке, шырпа), сым (шалбар), көйлек (жейде)*.

Белгілі бір мамандық, кәсіпке байланысты қолданылатын сөздерді

**кәсіби** сөздер дейді. Мысалы,

*Атыз* - (егіс талабының шахмат түріндегі көрінісі).

*жүйек* - (егіс егілген қатар)

*ақабә* - (судың сыртқа асып шыққаны)

**22-жаттығу.** 1. Төмендегі диалектизмдердің ішінен заттарға /киім-кешек, мата, сәндік бұйымдар/ байланысты және тағамға байланысты сөздерді екі топқа бөліп жаз.

Ақсан, ақсерке, балым боз, жұлма, қаптама, доппа, етекене, қаттама, шир, үзбек, кеуіш, чыны май, доғаба, жемелек, бәті, өскәт, телпек, аукіт, шәкәрап, шекер, шарқат, ілгек, чапаты латта, торс.

*Бейнелі сөздер дегеніміз не? Ол неше түрге бөлінеді?*

*Қос сөздер неше түрге бөлінеді. Олардың әрқайсысына мысал келтіріңіздер.*

**23-жаттығу.** Төмендегі диалект сөздерді оқып шығып олардың әрқайсысы қай аймаққа тән екендігін анықтаңыз.

Кәуәп, діңке, байлауыш, шөген, шолып, кәсе, шөміш, азан, мұздау, дегер, дасмал, әлем, бока, шекер, сым, дөкей, қалақ, сібіртки, жоян, қышқыл, сабан, чанаш.

*Диалектизмдер дегеніміз не? Диалект сөздер қалай пайда болады?*

*Діни ұғымға қатысты сөздерді атап, оларға түсініктеме беріңіз.*

## **Тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдер**

Бірнеше сөзден құралып, бір ғана ұғым беретін бір-бірінен ажыратуға келмейтін, басқа сөзбен тобын жазбастан барып байланысатын тіркесті **тұрақты тіркес** дейді.

Тұрақты тіркестер **идиомалық тіркес** және **фразалық тіркес** болып екіге бөлінеді.

**Фразалық тіркестер:** *Ата жолын қуу, табан ақы, маңдай тер, мидай дала, тепсе темір үзетін, т.б.*

**Идиомалық тіркестер:** *жел аяқ, өгіз аяқ, ұзын құлақ, мақтамен бауыздағандай, қырық пышақ, қол жаулық, қой аузынан шөп алмас, мұртын балта кеспейді, т.б.*

Тұрақты тіркестердің ендігі бір түрі - **мақал мен мәтелдер**.

*Мақал* - өмір құбылысын жинақтай отырып түйінді пікір айтатын ықшам сөз өрнегі. Мысалы: *Мезгілі жетсе, мұз да ерір. Жақсы жолдас ерттім дегенше, жарты жолдан өттім де. Өзіңді зор тұтпа, өзгені пір тұтпа. Жақсымен жолдас болсан, жетерсің мұратқа.*

*Мәтел* - халық арасында көп тараған астарлы мәннен тар мағынада жұмсалатын бейнелі халық сөзі. Мысалы: *Анама жездем сай. Көппен көрген ұлы той. Ережесіз ойын жоқ. Қыпшақ болсаң - зымыра т.б.*

Мақал-мәтелдердің көпшілігі образды түрде келіп, ауыспалы мағынада қолданылды. Мысалы: *Бала жетіге келгенше, жерден таяқ жейді. Еңбек-адамның көркі, адам - заманның көркі. Ел құлағы - елу.*

**24-жаттығу.** 1. *Фразеологиялық сөздікті пайдаланып, төмендегі тұрақты тіркестердің қай сөзге балама екенін анықтаңыз.*

ҮЛГІ: асығы алшысынан түсу - жолы болу.

Асығы алшысынан түсу; ит арқасы қиянда; көктен тілеген жерден табылу; есіне түсіру, тіл тию; көз тию; бастан құлақ садақа; бозторғай шырылдаған кезде; ат шаптырым жер; дымын шығармау; жан терге түсу; сай сүйегі сырқырау; құлағын тігу; тимығына жету; жымын білдірмеу; дірдек қағу, шарқ ұру; қызыл шеке болу; аузына тілі сыймау; жатып ішер; арам тер болу; миын жеу; тілін қадамау, іші пысу; беті қайту; аяғына жығылу; жіпсіз байлау; ине түсуге орын қалмау.

**25-жаттығу.** 1. *Төменде әр түрлі тұрақты сөз тіркестері берілген. Олардың ішінен идиомаларды, фразеологиялық бірліктер, фразаларды айырыңыз. Мағынасы жеке сөздерге тең болып келетін тұрақты тіркестердің синонимдерін көрсетіңіз.*

Ит арқасы қиянда; қадала қарау; бас қосу; құс ұшса қанаты талатын жер; қыр мұрын; қыпша бел; тіл алмау; "Сен де - бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан!"; ел құлағы - елу, айдай анық; тізе қосу; "Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар, үннің тәтті оралған мәні оятар"; ырыс баққан, дау бақпас; егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек керек.

*Идиома дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.*

*Сан есімдер арқылы жасалған тұрақты тіркестерді атаңыз.*

**26-жаттығу.** 1. *Тұрмыс және салтқа байланысты он мақал-мәтел жазыңыз.*

ҮЛГІ: Тойдың болғанынан болатыны қызық. Киіз кімдікі болса білек соныкі, арба кімдікі болса күтпек соныкі.

*Тұрақты тіркес пен еркін тіркестің айырмашылығы қандай?*

*Фразеологиялық оралымдар қалай пайда болған?*

## СӨЗЖАСАМ МЕН МОРФОЛОГИЯ

### Сөзжасам мен морфология жайлы түсінік

Қай тілде болмасын қоғамның дамуы, қоғамдағы өзгерістер тілге де әсерін тигізеді. Осыған байланысты тілде жаңа ұғымды білдіретін жаңа сөздер пайда болып отырады. Ол жаңа сөздер түрлі сөзжасам тәсілдерімен жасалады. Мысалы, *бала-лық, аял-дама, сын-шыл, бүтін, кәсіпорын, табақ-аяқ, қызыл қоңыр, ХҚТУ т.б.* сөздер сөзжасамның түрлі тәсілдерімен жасалған жаңа мағыналы сөздер.

Тілімізде жаңа сөздердің түрлі тәсілдермен жасалу жүйесін ғылымда *сөзжасам* деп атайды.

**Морфология** – сөз және оның тұлғаларын зерттейтін грамматиканың бір саласы. Морфология жалпы сөз атаулыны алып, оларды беретін ұғымына қарай белгілі бір топтарға бөледі, олардың әрқайсысының грамматикалық сыр-сипатын ажыратады.

### Сөздердің жасалу жолдары

Жаңа сөздердің жасалуының тілде қалыптасқан үш түрлі тәсілі бар.

- 4. Синтетикалық тәсіл.** Мұнда жаңа сөз тек сөз жасаушы (сөз тудырушы) жұрнақ арқылы жасалады. Мысалы: *мал-шы, сән-қой, бала-лық, ки-ім, айт-ыс, мақтан-шақ, аш-палы т.б.*
- 5. Аналитикалық тәсіл.** Мұнда жаңа сөз сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі және қысқаруы арқылы жасалады. Мысалы: *қарлығаш (қара ала құс), апар (алып бар)* бірігу арқылы; *бақа-шаян, дос-жаран* қосарлану арқылы; *қызыл қасқа, қара шұбар* тіркесу арқылы; *ТМПУ (Ташкент мемлекеттік педагогика университеті)* қысқару арқылы жасалған.

### Сөз құрамы. Түбір мен қосымша

Сөз түрлі бөлшектен құралады. Ол бөлшектер сөз құрамы деп

аталады. Мысалы: *балықшыларға* сөзі төрт бөлшектен *балық-шы-лар-ға* құралған. Бұл сөздің негізі *балық* күллі суда жүретін балық, атаулыны білдірсе, *-шы* жұрнағы қосылып (*балықшы*) сол балықты аулайтын адам, мамандық мағынасы жасалды; *-лар* қосымшасы балықшының біреу емес көп екенін білдірсе, *-ға* қосымшасы бағыт мағынасын береді. Сонымен сөз құрамы екі бөлшектен, түбір мен қосымшадан тұрады.

Сөздің мағына беретін ең негізгі түпкі бөлшегі ***негізгі түбір*** немесе ***түбір сөз*** деп аталады. Мысалы: *адам, бала, студент, өнер, мен, оқы т.б.*

Жеке тұрғанда мағынасы жоқ сөзге жалғанып сөздің мағынасын өзгертетін не түрлендіретін бөлшек *қосымша* деп аталады.

### ***27-жаттығу.*** Әрбір сөздің құрамына талдау жасаңыздар.

I. Тәкежандар аттарына мініп, Мәкішпен, Тінібектермен қоштасып, болып, ашық, кең қақпаның алдына барып, топтанып тұр еді. Масақбай да ат айдады. Үш құла ат жеккен кең күйме, сықырлай, шалдырай түсіп қозғалып алып, дүрілдеп тартып, жүріп кетті (М. Ә.).

II. 1. Әскер де серпінді адам қамту жағынан әлі де қарқыны басылмағанын әдейі көзге сұға жазып кетті. 2. Балалы-шағалы жұмыскерлерге арналып салынып жатқан бір барак бар еді. 3. Алыстығы мен отынсыздығы, сусыздығынан шошынып, Рязанов осыны қабылдамаған екен деп ойлады Бернер. 4. Жастық шағында ұлғайған жанның ісін істесең, ұлғайғанда кайтпексің? 5. Дәл бұл сәтте өзінің соққыға жығылып жатқанын да аңғармап еді (F. M.). 6. Ойын-сауық үйірмесінде талғампаздық, талапкерлік ниеттерінен әрдайым талас-тартыс туып отырады (А. Мак.).

***28-жаттығу.*** Төмендегі синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің құрамындағы сөз тудырушы жұрнақтарды тауып, олардың қай сөз табының жұрнағы екенін ажыратып, омоним морфемаларға талдау жасаңыздар.

Белгілі, орынды, оқырман, бөлімше, жұмыскер, шыңғару, байланыс, түндік, жабулы, төсек, тырнақ, белдеу, ойыншық, мекенде, білімді, балықшы, жатақхана, көрікті, дәулетті, жолаушы, өткірлік, ақылды, жағымды, қыстау, көктемгі, қонақ, бөлек, көзік, тапқыш, көргенді, бөлме, көрсетілу, көркемдік, бөлектену, көрме, көргіш, бөлектеу, көрініс, тапқыр, көрші, көзілдірік, тапсыру, көріс, көздеу, тапсырма,

бөлшек, бөлім, көргенсіздік, тапқыштық, білім, көргіштік, бөлісу, көргенсіз, бөлгіш, көрім, бөліс, көрік, көрікті, көркем, көркемдік, көркемдену, жіпсі, жібі, жіпсіз, жібіт, жаудыр, айтыс, жаулы, айтқыз, жауыз, жауын, айтулы, атты, суық, бақытты, дауылдата, бақытсыздық, желпі, басқарма, сана, бассыз, басқарушы, өрмек, киім, өрмекші, ботала.

### Қосымша

Түбір сөзге жалғанып, сөздің лексикалық мағынасын өзгерту үшін немесе оған грамматикалық мағыналар үстеу үшін қолданылатын сөздің бөлшегін қосымша дейміз.

Қосымшаларда:

1. Лексикалық мағына болмайды;
  2. Сөзден бөлек қолданылмайды;
- Қосымшаның екі түрі бар. 1. *Жұрнақ*, 2. *Жалғау*

### Жалғау

Сөзге грамматикалық мағына үстейтін, сөз бен сөзді байланыстыратын қосымшаны *жалғау* дейміз. Қазақ тілінде 4 жалғау бар: ***көптік, септік, тәуелдік, жіктік.***

*Көптік жалғау.* Заттың көптік мағынасын беретін қосымша. Мысалы: *бала-лар, оқушы-лар, кітап-тар, терезе-лер, ақын-дар.*

*Септік жалғау.* Сөзге грамматикалық мағына үстеп сөз бен сөзді байланыстырады. Қазақ тілінде 7 септік бар.

*Тәуелдік жалғау.* Бір заттың екінші бір затқа меншіктілігін білдіреді.

*Жіктік жалғау.* Бастауыш пен баяндауышты байланыстырады.

**29-жаттығу.** *Тексті көшіріп, жалғаулардың астын сызыңыздар.*

1. Онда досыңызбен онаша сөйлесіңіз,— деді де, Сағындық шығып кетті (*Ғ. Мұст.*). 2. Мақтаныңқырап кеткенімді өзім де аңғардым. 3. Оқымаған бала оқыған балаға жолдас бола алмай ма?— деп, жәбірленгенімді білдіргім келіп тұрдым да, бата алмадым. 4. Әуелі түймелеріме жаным ашып Шегеннің қасына барып ем (*Ғ. М.*). 5. «Мен келемін. Өнер келемін. Танымай көрші!» 6. — Қорлықты Нұрғанымнан көріп тұрмын, — деді (*М. Ә.*).

## Тәуелдік жалғау

Заттың меншіктілігін білдіретін жалғауды **тәуелдік жалғауы** дейміз. Тәуелдік жалғаудағы сөз ілік жалғаулы сөзбен байланысты болады. Мысалы: *Менің кітаб-ым, менің шеше-м, сенің жолда-сың.*

Тәуелдік жалғауы үш жақта жекеше, көпше, 2-жақта арнайы, сыпайы түрде қолданылады.

**Е с к е р т у .** Тәуелдік жалғауы түсіп қалмай, ашық қолданылады. Кейде тек *біздің, сіздің* деген жіктеу есімдіктерімен байланысты айтылатын сөздердің жалғаулары түсіп қалады. Мысалы: *біздің үй, сіздің үй.*

Тәуелдік жалғаудың синонимі бар. Ол *-нікі, -дікі, -тікі*. Тәуелділік мағынаны білдіретін жұрнақ меншікті заттың өзіне жалғанбай, оның иесіне жалғанады. Мысалы: *кітап менікі, дәптер біздікі..*

Тәуелді заттың аты оның иесін білдіретін сөзден бұрын тұрады. Тәуелді затты атайтын сөзге ешбір қосымша қосылмайды. Мысалы: *Үй біздікі.*

Бұл жұрнақтың жуан варианты жоқ, жуан сөзге де, жіңішке сөзге де жіңішке түрде жалғанады. Мысалы: *Қалам Асандікі, парк халықтікі* т. б.

**30-жаттығу.** *Текстен тәуелдік жалғаулы сөздерді тауып қай жақта, жекеше я көпше түрде тұрғандығын ажыратыңыздар.*

1. Аңғарсаңыз, біздің сыбағамыз — кейіннен нағыз әскер бөлімдері дайындалғанша, жауды тоқтата тұру (*Т. Ахт.*). 2. Айрылмаймыз деген уәдеміз бар (*С. Ш.*). 3. Біздің бір томпаңдаған баламыз болар ма еді (*Т. Ахт.*). 4. Салыстыру керек болса, уақытында салыстырармыз (*С. Ш.*). 5. Майданға жүріп барамыз, шеше. 6. Өзім болсам, жүріп барам, жеке. 7. Мұрат өзінің Айшаға деген сезімі туралы көп ойлады. 8. Жұмысымды тындырдым, жолдас сержант. 9. Кеудемді оққа тосам (*Т, Ахт.*). 10. Көкбай соңғы келісімін тағы айтты (*М. Ә.*). 11. Мың түрлі әңгіме ойыма ұмар-жұмар келіп, қуанышымнан жарылып кеткендеймін (*Ғ.М.*).

## Жіктік жалғау

Жіктік жалғауы — қимылдың иесінің кім екенін білдіру үшін қолданылатын қосымша, ол — сөз бен сөзді жақ жағынан қиыстырып тұрады. Мысалы: *Мен оқушымын, Сіз оқушысыз. Біз келеміз. Ол келеді.*

Жіктік жалғауы есім сөзге де, етістікке де жалғанады

**31-жаттығу.** *Көп нүкте қойылған жерге тиісті жіктік жалғауды қойып, тексті көшіріңдер.*

I. 1. —Кешір, Ықылас, мен түк білмеймін. Мен тек көмір инженері... 2. Біз басымызды берсе... жылап бере... бе? 3. Мен бұрын мұны білмеді... бе? (С. Е.). 4. —Өзің кетпесе... біз кетіре... деп отыр еді...,— деді Жасыбай. 5.—Мен де кете...— деп, Жәуке қозғалды (Б. М.). 6. Мен айтса..., артель басқармасының жолсыз жұмысын айтты... Қашан да болса..., айта.... 7. Таудағы ауылға мен жаяуласса... да, жетер... (Х. Ес.).

II, 1. —Ертең ертемен қалаға жүрейін деп отыр.... сатуға мал апара.... Ана Нығметтен неге мінбей..., ат десе..., ат тұр белдеуде, бие десе..., бие толып тұр желі басында,—деді. «Сен, айтқандайын, таныссың ғой, былтыр көрді... . Сіз мені сол кісімен; кездестірсе..., мың рахмет айтар еді..., сізге,— деді.— Бәйес Махмудович, мен сені жақсы біле... Сен сауда ісіне жетік адам.... Біз басқаны білмей..., дұрыс айта... ба? (Х. Ес.). 2.. — Шешей ұрыспай... ба, мен біреуді ертіп келді...—деді Қалампыр.—Замандас болғанмен, қатты айтса..., көңіліңе ауыр алар..., ақырын айтса..., түсінбей..., енді қайте..? (Б. М.)

### **Көптік жалғау**

Көптік жалғауы — көптік мағына бсретін қосымша. Ол көбінесе зат есімге, есімдіктерге жалғанады. Мысалы: *кітаптар, қағаздар, гүлдер, балалар, біздер, сендер, осылар, мыналар, әркімдер.*

Кісі аттарына және туыстық қатысты білдіретін тәуелдеулі жалпы есімге жалғанған көптік жалғауы жинақтау мағынасын береді. Мысалы: *Абайлар келді; Ермектер жиналысқа кетті; Апамдар үйде отыр. Жездемдер ертең келетін болды.*

Көптік жалғауы сын есімге, есімшелерге жалғанғанда, олар заттық мағынада жұмсалады. Мысалы: *үлкендер, жақсылар, ақтар, қызылдар, кеткендер, өтетіндер.*

Көптік жалғауы сан есімге, кейбір үстеулерге жалғанғанда, болжалдық мағына береді. Мысалы: *алтылар, бестер, ондар, қырықтар, бүгіндері, ертеңдері* т. б.

**32-жаттығу.** *Көптік жалғаудың қандай сөзге жалғанғанын, қандай мағынада қолданылып тұрғанын табыңыздар.*

1. Ауыл алдындағы Қисық сайға қарай әңгімелесуге шыққан Қален, Әбдірахман, Бәйестерге жұрт біртіндеп қосыла берді. 2. Аттылар

Хакімді алдына салып, окружной соттың үйіне жетіп қалған адвокаттарға қарай жүргізді. 3. Отырғандар мұны бірден сезді (*Х. Ес.*). 4. Жасы сол кезде қырықтарды алқымдаған, сақалды, мұртты кісі еді. 5. Алғашқы күндері жуғыса алмай жүргенмен, бірер жылдан кейін мен де Бопанға ауыл-үй қонып алдым (*С. М.*). 6. Киімдеріне, денелеріне адам қарап жібергенде-ақ, жер қазғандар екендерін айтпай-ақ білетіндей (*С. С.*).

### Септік жалғауы

Септік жалғаулары — зат есімдердің мағыналарын түрлендіріп, оларды басқа сөздермен байланыстыратын қосымшалар. *Абай Найманның дауына билігін айтып қойған еді.* (*М. Ә.*). Бұл сөйлемдегі *Абай* дегенді атау септік баяндауышпен (*айтып қойған еді*), *Найманның* дегендегі ілік септік ол кезді тәуелдік жалғаулы сөзбен (*дауын*) байланыстырып, *дауына* дегенді барыс септік *билігін* деген табыс септіктегі сөзбен, *билігін* дегендегі табыс септік ол сөзді *айтып қойған еді* деген етістікпен байланыстырып тұр. Сөйтіп, бұл сөйлемдегі септік жалғаулары сөздерді бір-бірімен байланыстыру қызметін атқарып тұр.

Септік жалғаулары сөз мағынасын өзгертпей, сөз бен сөздің арасындағы қарым-қатынастан туатын грамматикалық мағынаны білдіреді.

Сөздің сөйлемде қай септікте қолданылуы кездейсоқ жағдай емес. Зат есімнің сөйлемде белгілі септікте тұруы меңгеруші сөз болады, бұл — көбіне етістік.

*Кітапты оқы, хатты жаз, өлеңді айт, домбыраны тарт, жұмысты бітір, көңліңді көтер* т. б. осы сияқты тіркестердегі бірінші сөздің табыс септікте тұруын онан кейінгі етістік керек етіп тұр.

Зат есімнің қандай септікте тұруын етістікті керек етуі мағынамен де байланысты. Мысалы, қимылдың объектісін білдіретін заттың етістік табыс септікте тұруын керек етеді. Қимылдың бағытын білдіретін заттың етістік барыс септікте тұруын талап етеді. Әрбір септік жалғауының беретін грамматикалық мағынасы бар. Етістік осы мағынаның контексте өзіне керектісімен ғана тіркеседі.

Зат есімнің қай септікте тұруын есім сөздің меңгеруі де кездеседі.

Мысалы: *Жақсы ісімен жақсы.*

Септік жалғауларының сөз бен сөзді байланыстыру қызметін септеулік шылаулар да атқарады: *оқуға келдім — оқу үшін келдім, жылда келеді — жыл сайын келеді, сабақты сөз еттік — сабақ туралы сөз еттік, радиомен байланыстық — радио арқылы байланыстық, жолда әңгімелесті — жол бойы әңгімелесті.*

Септік жалғауы мен септеулік шылаулар белгілі жағдайда синонимдік категориялар дәрежесіне көтеріле алады: барлық синонимдік қатарлар сияқты бұлардың да жалпы мағынасы бір болғанымен, стильдік айырмасы болады: *жолда әңгімелесті — жол бойы әңгімелесті* дегенді салыстырыңыз.

Қазақ тіліндегі септіктің, аттары, сұраулары және жалғаулары мыналар:

Атау — к і м? н е?

Ілік — к і м н і ң? н е ң і ң? *-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің.*

Барыс — кімге? неге? қайда? *-ға, -ге, -қа, -ке.*

Табыс — к і м д і? н е н і? *-ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті.*

Жатыс — к і м д е? н е д е? қ а й д а?, *-да, -де, -та, -те.*

Шығыс — к і м н е н? н е д е н? қ а й д а н? *-нан, -нен -дан -ден, -тан, -тен.*

Көмектес — к і м м е н? немен? *-мен, -бен, -пен.*

Септік жалғаулары үндестік заңына бағынып жалғанады, сондықтан әрбір септік жалғаудың бірнеше дыбыстық варианттары бар.

Ескерту. 1. Көмектес септік жалғауы буын үндесіне бағынбай, жуан сөзге де, жіңішке сөзге де тек жіңішке түрінде жалғанады. Мысалы: *қала+мен, өлең+мен.*

2. Орыс тілінен енген *б, в г, д* дыбыстарына аяқталатын сөздерге септік жалғаулары қатаңнан басталып жалғанады.

*А. педагог клуб актив завод*

*І. педагог+ тың клуб+ тың актив+тің завод + тың*

*Б. педагог + қа клуб+қа актив + ке завод+қа*

*Т. педагог + ты клуб + ты актив + ті завод+ты*

Ж. педагог+та клуб+та актив + те завод+та

Ш. педагог+ **тан** клуб+тан актив + тен завод+тан

К. педагог+пен клуб+пен актив+пен завод+пен

**33-жаттығу.** *Текстен септік жалғаулы сөздерді теріп жазып, қай септік екенін ажыратыңыздар.*

Жанат далаға шыққанда, ымырт жабылған. Алыста, көз ұшында, күндіз көрінбейтін Теміртаудың электр шамдары түнде ұзын жол болып, сағымша қозғала көрінеді. Онан бері кең даладағы көп жарқыл электр линиясын тартқан осы колхоз жұмысшыларының оттары. Жерді от, аспанды жұлдыз безеп, әлем бүгін өзгеше сәнді. Толған ай танадай боп, жер мен көктің қабысқан жерінде тұр. Батыстағы қызыл шапақ бозғыл тартып, шығысқа қарай жылыстап барады. Ауыл жанындағы өзен, ар жағында Жауыртау тұңғық сыр басқандай, түнере түскен. Колхоз үйлері тып-тыныш, көшесінде қыбыр еткен жан жоқ.

**34-жаттығу.** *Төмендегі сөз тіркестеріндегі септіктің орнына шылауды қолданып, үлгі бойынша екеуін де көшіріп жазыңыздар.*

Ү л г і: *Күнде келеді — Күн сайын келеді.*

Күнде келеді, газетте хабарлау, тротуармен өту. Асқарға алды, еңбектегі табысына сыйлады, өзінің жұмысын айтты, таумен өту, ұялшақтығына кейиді, жылда өседі, қиын-қиын мәселелерді талқылады, өз ойын айтып берді, жұмысқа келді.

### **Жалғаулардың орналасу тәртібі**

Қазақ тіліндегі 4 түрлі жалғау сөзге белгілі тәртіппен орналасып жалғанады. Мысалы: *Қаланың жақын аудан-дар-ы-нан -быз.*

Көптік, тәуелдік, септік жалғаулары бір сөзде бірінен кейін бірі жалғана береді. Мысалы: *табыс-тар-ымыз-ға, еңбек-те-ріңіз-ді.* Мұндайда алдымен көптік, онан соң тәуелдік, сөздің соңында септік жалғаулары қолданылады. Тәуелдік жалғаудың көптік жалғаудан бұрын тұратын кездері де бар. Мысалы: *әке-м-дер, ана-ң-дар, көке-м-дер.*

Жіктік жалғауы мен септік жалғауы сөз соңында қолданылады. Мысалы: *Мен, «Бірлік» колхоз-ы-нан келе-мін; Мен «Бір-лік» колхоз-ы-нан-мын.*

Ескертту. Көптік жалғауы сөзде екі рет қолданыла алады. Мысалы: сен-

дер — оқушы *ларсыңдар*, сендер — менің оқушыларымсың *дар*.

Тәуелдік жалғау мен жіктік жалғауы бір сөзде қатар қолданылады, мұндайда алдымен тәуелдік жалғау, соңынан жіктік жалғау келеді. Бұл екі қосымша бір сөзде бір жақта тұра алмайды. Тәуелдік жалғау 1-жақта болғанда, жіктік жалғау 2-жақта тұрады, тәуелдік жалғау 2-жақта болса, жіктік жалғау 1-жақта тұрады, тәуелдік жалғау 3-жақта келгенде, жіктік жалғау не 1-жақта, не 2-жақта болады: Мысалы:

*Мен сенің туысыңмын.*

*Сен менің туысымсың.*

*Сен оның туысысың.*

*Мен оның туысымын.*

Тек өздік есімдікке жалғанған тәуелдік жалғауы мен жіктік жалғауы бір жақта тұра береді:

*Мен өзіммін.*

*Біз өзімізбіз.*

*Сен өзіңсің.*

*Сендер өздеріңсіңдер.*

*Сіз өзіңізсіз.*

*Сіздер өздеріңізсіздер.*

*Ол өзі.*

*Олар өздері.*

**35-жаттығу.** Сөз құрамындағы жалғауларды түр-түріне және орналасу тәртібіне қарай талдаңыздар.

1. Осыған екеуіміз келіскенімізбен, мен орындай алмадым. 2. Торсанның бес балаларының ішіндегі жұрт көзінде ең момын саналатыны үшінші баласы — Арап (С. М.). 3. Ұлжанды Абай мен Мәкіш сүйеп кеп, өз күймелеріне мінгізді. 4. Ол — балаларымның атасы. 5. Түннен бері көңіліне келген байлауын айтты (М. Ә.). 6. Қайтып алыңдар ақшаларыңды. 7. Түнгі күзетке жұмсаспыз, күндіз жылқыға көз болу үшін, Мұқанның мына баласын қалдырып кет, ұнатса, қыста біздің қолда тұрар, өзің білесің, біз кісі жатырқамаймыз, ұнатпаса қысқа қарай апарып салармыз (С. М.)

### Жұрнақ

Өзі жалғанған сөзге лексикалық немесе грамматикалық мағына үстейтін қосымшаны жұрнақ дейміз. Бірқатар жұрнақтар сөз мағынасын өзгертіп жаңа сөз тудырады, бірқатары сөз мағынасын т ү р л е н д і р е д і. Мысалы: *етік-ші, біл-ім, балта -ла* деген сөздердегі *-ші, -ла* деген жұрнақтар сөздерге лексикалық мағына үстеп, жаңадан сөз тудырып тұрса,

*көк — көкшіл, көгірек; кел — келіп, келсе, келген* деген сөздердегі *-шіл, -ірек, -іп, -се, -ген* жұрнақтары жаңадан сөз тудырмай, сол өзі жалғанған сөздің мағынасын түрлендіріп тұр.

Жұрнақ құрамына қарай дара және күрделі болып бөлінеді:

Дара жұрнақ әрі қарай бөлшектеуге келмейді. Мысалы: *тау-ды, су-сыз, айт-ып жұқа-лау*. Күрделі жұрнақ екі я одан көп қосымшалардың бірігіп-кірігуінен пайда болады да, оны әрі қарай бөлшектеуге болады, Мысалы: *ашпалы, ақылдас* деген сөздердегі *-палы, -дас* жұрнақтарды *па-лы, да-с* деп бөлуге болады.

Жұрнақ қолданылуына қарай ө н і м д і және ө н і м с і з болып бөлінеді.

Көптеген сөздерге жалғанатын, жаңа сөз жасау үшін жиі қолданылатын жұрнақтарды өнімді жұрнақ дейміз. Мысалы: *мал-шы, етік-ші, колхозшы, бақша-шы, оқушы*.

Белгілі ғана сөздерге жалғанып жиі қолданылмайтын жұрнақтарды ө н і м с і з жұрнақ дейміз. Мысалы: *сарғыш, қызғыш, көкшілт, қызғылт, бозғылт, тасқын, толқын, тосқын, дәңес, белес*.

Жұрнақтар мағынасына қарай екіге бөлінеді:

- 1.Сөз тудырушы жұрнақтар.
- 2.Сөз түрлендіруші жұрнақтар.

### Сөз тудырушы жұрнақтар

Сөздің бастапқы мағынасын өзгертіп, жаңа лексикалық мағына жасайтын жұрнақтарды сөз тудырушы жұрнақ дейміз. Мысалы: *ек — ег-іс, ег-ін, егін-ші; же — же-міс; жеміс-ті; ақыл — ақыл-ды, ақыл- ды-лық*

**36-жаттығу.** *Тексті көшіріп, сөз тудырушы жұрнақтардың қай сөз табына тән екенін табыңыздар.*

1. Тұйық, ауыр мінезді адамның аузынан ештеңе шықпаса да, өңіндегі өзгерістер ішіндегі қуанышын сездіріп тұр (*Ғ. Мұст.*), 2. Жүзінің шырағы жанып тұрған адамдар осынша көптің ішінен некен-саяқ көрінеді (*А. Мак.*). 3. Келісімге келе алмас кезеңдерге келгенде, Ушаков құрбандыққа мектепті де шалып жіберді (*Ғ. М.*). 4. Осы тыныштықты ыңқыл-сыңқылмен

бұза берген соң, бір жағынан оңашалықтың да бір керегі болар деп, қарақшылар Жамалдың төсегің бұрынғыдан да алыстата түсіпті (F. M.). 5. Тамырлықтың аяғы шын мағынасындағы достыққа айналып, олар бір-біріне егін мәселесінде ғана емес, тіршіліктің барлық жағдайында да жәрдемдеседі. (С.М.)

### Сөз түрландіруші жұрнақтар

Өздігінен туынды түбір жасай алмайтын, сөзге грамматикалық мағына үстейтін жұрнақтарды сөз түрлендіруші жұрнақтар дейміз. Мысалы: *көк-шіл, кел-ген, бар-а-тын, көр-ер, мек-теп-тікі* т. б.

Сөз түрлендіруші жұрнақтар да белгілі сөз табына қатысты болады.

Сөз түрлендіруші жұрнақтар грамматикалық категориялардың (көсемшенің, шырайдың т. б.) морфологиялық көрсеткіші болып та қолданылады, грамматикалық, категорияға байланыссыз да болады. Мысалы: *әке-тай, бала-пан, дөң-ес, ал-ың-қы-ра* т. б.

Сөз түрлендіруші жұрнақтар сөз мағынасын құбылтып, оған түрлі мән береді. *Сарылау, сарырақ, сарғыш, сарғылт, сарғылтым* дегенде бір түбірге жалғанған түрлі жұрнақтың мағынасы негізінен бір болғанымен, олардың әрқайсысының өзінше стильдік ерекшелігі бар.

Сөз түрлендіруші жұрнақ сөзге эмоциялық-экспрессивтік мән береді. *Әкетай-ау* дегенде жалыну, *қалсамшы* дегенде өкіну мағыналары сөз түрлендіруші *-шы,-тай* жұрнақтары арқылы беріліп тұр. Өздігінен туынды түбір жасай алмайтын, сөзге грамматикалық мағына үстейтін жұрнақтарды сөз түрлендіруші жұрнақтар дейміз. Мысалы: *көк-шіл, кел-ген, бар-а-тын, көр-ер, мек-теп-тікі* т. б.

Сөз түрлендіруші жұрнақтар да белгілі сөз табына қатысты болады.

Сөз түрлендіруші жұрнақтар грамматикалық категориялардың (көсемшенің, шырайдың т. б.) морфологиялық көрсеткіші болып та қолданылады, грамматикалық, категорияға байланыссыз да болады. Мысалы: *әке-тай, бала-пан, дөң-ес, ал-ың-қы-ра* т. б.

Сөз түрлендіруші жұрнақтар сөз мағынасын құбылтып, оған түрлі мән

береді. *Сарылау, сарырақ, сарғыш, сарғылт, сарғылтым* дегенде бір түбірге жалғанған түрлі жұрнақтың мағынасы негізінен бір болғанымен, олардың әрқайсысының өзінше стильдік ерекшелігі бар.

Сөз түрлендіруші жұрнақ сөзге эмоциялық-экспрессивтік мән береді. *Әкетай-ау* дегенде жалыну, *қалсамшы* дегенде өкіну мағыналары сөз түрлендіруші *-шы, -тай* жұрнақтары арқылы беріліп тұр.

**37-жаттығу.** *Тексті оқып, ондағы сөз тудырушы, сөз түрлендіруші жұрнақтарды ажыратыңыздар.*

I 1. — Күнім-ау, Зуражансың ба? — деді (Ә. Ә.). 2. Бірде курьер, бірде арбакеш, бірде жүн-жұрқа жинайтын агент болды (Т. Ахт.). 3. Ол аштық пен тоқтықты ойлап келе жатып, үйіне жеткенін де білген жоқ (Ә. Ә.). 4. - «Қайрақты» колхозының басқармасы мен болсам, бұл түйелер біздікі болатын шығар (Ғ. М.). 5.— Хал қалай, Беке?— деді анадайдан Жомарт (Ғ. Мұст.). 6. — Ой, еңбеккерлерім, амансыздар ма?— деп, жарқын қарсы алды (Б. Соқп.).

II 1. Ашу бұған шаруашылық меңгерушісі столдан тұрып кетті. 2. Сендерге бақшаның маңайына жүріп не бар (А. Мак.). 3— Жайшылық па өзі? — деп, таңырқана сұрап еді (Ғ. М.). 4. Тек тапсырма орындап жүрген отрядтардық шабармандары ғана екі аяқтарына жалынып, онда-мұнда зырқырап жүр (А. Мак.). 5. Жалғыздық жаман болады. 6. Жердің көркі — адам. 7. Бірі сержант, бірі жауынгер болғанмен, Бондаренко Добрушкинге тікелей бағынбағасын, екеуі әзілдесе береді (Т. Ахт.).

### Сөз тұлғасы

Сөздің негізгі мағына білдіретін бөлшегін түбір дейміз. Мысалы: *қолға, малшылар, өнерпаздар, шекарадан, қолма-қол, ауыл-аймағы* дегендердің түбірі — *қол, малшы, өнерпаз, шекара, қолма-қол, ауыл-аймағы*. Түбір сөздің құрамы, осы мысалдардағыдай, әр түрлі болады: *қол*—негізгі түбір, *малшы, өнерпаз*—туынды түбір, *шек-ара*—біріккен түбір, *қолма-қол, ауыл-аймақ*—қосарлы түбір.

Қазақ тіліндегі сөздердің түбір тұлғасы осылайша, 5 түрге бөлінеді:

1. Негізгі түбір.
2. Туынды түбір.
3. Біріккен түбір.

4.Қосарлы түбір (қоссөз).

5.Қысқарған түбір (қысқарған сөз).

### Негізгі түбір

Сөздің басқа сөзге бөлшектеуге келмейтін ең негізгі тұлғасын негізгі түбір дейміз. Мысалы: *ал, кел, жүр, оқы, кітап, адам.*

**38-жаттығу.** *Үзіндіден негізгі түбірлерді тауып, олардың өзіндік ерекшеліктерін дәлелдеңіз.*

а) Абай әзіргі сөзді ұзаққа созған жоқ: - Ғылымның жаманы жоқ. Біздей сусағанға қай ғылым болса да, соңына түссе, алтын асыл қазынадай. Азаматтық құралынды мығым етіп берерлік оқу, тәрбие болса, ата-ана одан өзге қолқа салмайды, қарағым! Халыққа басшы болар талап соңына түссең, офицер бопжүріп жетесің бе, бәрі бір! Қай тұрғысынан барсаң да, еліңнің мұңы мен мұқтажы мың батпан. Тек оқып өсе беруіңе саушылық ғана жетсе екен деп тілеймін! – деді (М.Ә.).

ә) Найман-Ана жолаушылардың көзінше сыр берген жоқ. Әлгі хабарды естігенде шай құйып отырған әйелдің түрі өзгеріп, өртеніп кеткенін ешкім байқамай да қалды. Саудагерлерден әйел әлгі миңгүрт туралы егжей-тегжейлі сұрап көрмекші болды да, сол естігеннен артық хабар білудің өзінен қорқып кетіп, тілін тістей қойды. Кеудесінде бір күндік жаралы құстай шар етіп еді, өзін-өзін әрең тежеп, тіл қатпады... Бірте-бірте сорлы мәнгүрт мүлде ұмтылып, әңгіме ауаны басқа жаққа көшті. Дүниеде не болмайды, соның бірі де, тәйірі. Ал Найман-Ана тұлабойын билеп алған үрейді, қолының дірілін білдірмеуге тырысып, кеудесіндегі шар еткен жаралы құстың үнін өшіргендей болып, тек бурыл басынан көптен бері түспей келе жатқан қаралы жаулықпен бүркемелей берді (Ш.А.).

б) Сарыарқаның бел ортасы болып саналатын Қарағанды, Жезқазған облыстарының жерінде өзендер мен өзен сағалары көп. Қаракұс, Қушоқы, Қызылтас тауларынан бастау алатын Нұра өзенінің Шерубай-Нұра, Үлкен Құндызды, Ащысу, Көкпекті деп аталатын сағалары бар (Қазақ календарынан). Үйде отырған ақсақал-қарасақалдардың көбі сүйсініп, қозғалып қалды. Бақтығұл үлкен үйдегі қалың жұртты түгел шалып аңдаған жоқ еді. Енді айналып қарағанда, төрдегі Бәйтен баласының тобын көрді (М.Ә.).

### Туынды түбір

Негізгі түбірге жұрнақ жалғау арқылы жасалған жаңа сөз тұлғасын туынды түбір дейміз. Мысалы: *етік-ші, өнер-паз, қон-ақ.*

Негізгі түбірге жалғанған жалғау және сөз түрлендіруші жұрнақтар туынды түбір жасамайды.

Бір түбірге түрлі жұрнақ жалғану арқылы бірнеше туынды түбір жасауға болады.

**39-жаттығу.** *Көп нүкте орнына төмендегі жұрнақтардың бірін жалған, туынды түбір жасаңыздар.*

1. Әйел сән... да, бауыр... да екен. 2. Бұрын... қылжақ, әзіл... мінездерінің бірі байқалмайды, байсалды жігіт сияқты. 3. Сөз... шапшаң, от... кісі бола тұра, одан әрі аузын бағып үн...меді. 4. Бос қолым бұрау..., бос аузым шырмау... дегейсің. 5. Салтанат...қыз тіпті жинақы, ыңғай... Салмақ... жаб... Аманға да салқын тұр. 7. Жаңа ғана көтері.... көңілдер кірбің тартты енді. 8. Таны... әдіс миға тез қонды. 9. Аш... от.. әйел. 11. Әйелінің, өзгеше бір мінезі — қызғаншық (Ғ Мұст.).

Жұрнақтар: -мал, -қой, -шақ, -ық, -шең, -с, -де, -лы, -іңкі, -тей, -ты, -зы.

### Біріккен сөз

Екі я одан да көп сөз бірігіп, жаңа лексикалық мағынада айтылған сөз тұлғасын біріккен сөз дейміз. Мысалы: *Болатбек, Тасболат, Ақтөбе, тасбақа, ашудас, әркім.*

Біріккен сөздердің құрылысы екі түрлі болады:

**1. К і р і г е біріккен.** Мұндайға жеке сөздердің бұрынғы түрі сақталмай, өзгеріске ұшырап барып жымдасқан сөздер жатады. Мысалы: *бүгін* (бұл күн), *сексен* (сегіз он), *(тоқсан, тоғыз он), анар* (алып бар), *әкел* (алып кел), *ашудас* (ашутас), *белбеу* (бел бау), *Дәметкен* (дәме еткен).

**2. Тұтаса біріккен.** Мұндайға бастапқы түр-түрпаты сақталып жаңа мағынада қосылып айтылатын, бірігіп жазылатын сөздер жатады. Мысалы: *Тасбақа, көкқұтан, өнеркәсіп, Үш-төбе, Бесарық, Олжабай, Сырдария.*

**40-жаттығу.** *Көшіріп жазып, біріккен сөздердің астын сызыңыздар, тексті сөз құрамына қарай талдаңыздар.*

1. Әзімхан хат таниды. 2. Көйлегінің омырауы, жағасы ашық,

жалаң бас, жалаң аяқ (С. С.). 3. Бұл кезде Ушаковтың күзге қарай жүзеге асырмақ болған жалақы жайы да жұмыскерлер арасына тарап кетіп еді. 4. Ортақ қордан жүз мың сом сұрағанда, Жезқазған жайын қызықтыра жазған. 5. Алшағыр жүгіріп келсе, Бұланбай етпетінен құлап жатыр екен. 6. Ойын осыған әкеліп берік тіреді де, сол кезде өзі не халде боларын да үлкен бір түйткілмен ойланды (F. M.).

### Қос сөз

Екі сөз қосарланып (я бір сөз қайталана қосарланып), бір лексикалық мағынада айтылған сөз тұлғасын қос сөз дейміз. Мысалы: *ыдыс-ақ, киім-кешек, төбе-төбе, әке-шеше, сауыт-сайман, туған-туысқан*

Қос сөздер тұлғасына қарай 3 түрге бөлінеді;

1) Қосымшасыз қос сөз. Мысалы: *ата-ана, тарс-тұрс, тау-тау, түйе-мүйе, ине-жіп.*

2) Қосымшалы қос сөз. Мысалы: *үйді-үйіне, қолма-қол, балалы-шағалы, бет-бетіне, ақысыз-пұлсыз, кімде-кім.*

3) Күшейітпелі буынды қос сөз. Мысалы: *қып-қызыл, ап-ашық, жап-жақсы, үп-үлкен.*

Қос сөздің жеке сыңарлары кез келген сөзден жасала бермейді. Қос сөздің сыңарлары мағыналық байланысы бар, синоним сөздерден, бір тектес заттардың аттарынан, кейде антоним сөздерден жасалады. Мысалы: *туған-туысқан, жора-жолдас, сауыт-сайман, көрпе-жастық, ыдыс-аяқ.*

**41-жаттығу.** *Қос сөздерді тұлғасына қарай топтап, қалай жасалғанын айтыңдар*

1. Танк өзінен-өзі жұлқынып қалғандай да болды, гүрс етіп, шаңтопырақ та бұрқ ете қалды (F. M.). 2. Мойны жіп-жіңішке, әрі ұп-ұзын жұтқыншағы шығып тұрған біреу (A. Мак.), 3. Екеуінің қол-басы мал қасаптаған адамдардікіндей қып-қызыл ала (С. С.). 4. Ваня қолын айнала сермеп, көрген-білгенін жеткізіп жатыр (A. Мак.). 5. Лесник қазақ жігіттерінше анда-санда камшымен көкатты сипай қамшылап қояды (С. С.). 6. Дауыстарында бірін-бірі кінәлау бар (F. M.). 7. Ол бірден сергіп, Таранецке жетіп барды да, оған қарама-қарсы күліп тұра қалды (A. Мак.). 8. Бірнеше күн сап-сау жүріп, ара-тұра бұзылып қалады дейді (С. М.). 9. Орындықтың өзінен-өзі құламайтынын біле тұрсақ та, ол жауаптан ешқайсымыз қысыла қоймаймыз (F. M.). 10. Жылап отырған

болу керек, екі иіні жоғары көтеріліп селк-селк етеді, айнада әп-анық көрініп тұр (Х. Ес.).

### Қысқарған сөз

Күрделі атаулар тілде жиі қолданылатын болғандықтан, оларды айтуға, жазуға жеңілдету мақсатымен ықшамдап қолданамыз. Ол үшін тіркескен сөздер қысқартылып жұмсалады. Қазақ тілінде сөздерді қысқарту орыс тілі арқылы, ондағы сөздерді қысқарту үлгісі бойынша қалыптасады.

Күрделі атаулар 4 түрлі жолмен қысқарады.

1. Құрамындағы әрбір сөздің басқа әрпі орыс тіліндегі қалпында алынады. Мысалы: ТМД, БҰҰ, ЭЕМ, АҚ, т.б.

Ескерту. *см, дм, км, м, гр* сияқты қысқарған сөздер кіші әріптермен жазылады.

Күрделі атаудың бірінші сөзінің басқа буыны қалған сөздердің алғашқы дыбысы алынып қысқарады. Мысалы: *ҚазГУ, ҚазТАГ, ҚазПИ*. Бұлай қысқарған сөздердің бас буынының бірінші әрпі және қысқартылған сөздің бірінші дыбысы бас әріппен жазылады да, қосымша дефис арқылы жалғанады. Мысалы: *ҚазПИ-де, ЖенПИ-дің*.

Күрделі атаудың әрбір сөзінің басқы буыны қысқартылып бір сөз жасалады. Бұлай қысқарған атаулар кіші әріппен жазылады да, қосымша да дефиссіз сөзбен бірге жазылады. Мысалы: *Райкомның* (аудандық комитеттің), *обкомда* (облыстық комитетте), *филфакта* (филология факультетінде).

4. Күрделі атаудың бірінші сөзінің алғашқы буынымен келесі сөз қосылып қысқартылады. Мұндай қысқарған сөздер кіші әріппен, қосымшалары оларға қосыла жазылады: Мысалы: *медколлеж* (медициналық колледж), *пединституттық* (педагогтық институттың).

**42-жаттығу.** Төмендегі қысқарған сөздерді толық түріне айналдырып, қатар жазыңдар.

ТМПУ, ҚазМУ, ҚазПи, ҚТРС, ТМД, АлМУ, ҚазАШИ, ҚҰА, ҚТТС, ТашМИ, аудком, филфак, драмтеатр, АҚ, ҚазТАГ, ЖАҚ, ҚазСҚА(ААСИ), БҰҰ, ҚҰК, ҚҚТТС, кеңшар, ұжымшар.

### **Сөз таптары. Негізгі сөздер мен көмекші сөздер**

Қазақ тіліндегі сөздерді топтастырғанда мағыналық, тұлғалық (грамматикалық) ерекшеліктері және сөйлемдегі синтаксистік қызметі негізге алынады. Тіліміздегі сөздердің лексика грамматикалық мағыналарына, тұлғалық түрленуіне қарай саралануын *сөз таптары* дейміз. Қазақ тілінде сөз табы 9.

- |              |                |
|--------------|----------------|
| 3. Зат есім. | 6. Үстеу       |
| 4. Сын есім  | 7. Еліктеу сөз |
| 5. Сан есім  | 8. Шылау       |
| 6. Есімдік   | 9. Одағай      |
| 5. Етістік   |                |

Сөйлемде белгілі бір мағына беретін, белгілі бір ұғымның атауы болып табылатын сөздерді *негізгі сөздер* деп атайды. Мағына білдіре алмайтын, тек басқа сөздердің жетегінде жұмсалатын сөздер *көмекші сөздер* дейді. Негізгі сөздер өз бетімен белгілі бір мағынаны білдіретіндіктен жеке сұраққа жауап бере алады, сондықтан сөйлем ішінде белгілі бір сөйлем мүшесі бола алады. Ал көмекші сөздер жеке тұрып, мағына білдіре алмайтындықтан, сұраққа жауап та бере алмайды, демек өз бетімен жеке сөйлем мүшесі де бола алмайды.

*Негізгі сөздер: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, еліктеу сөз.*

*Көмекші сөздер: көмекші есім, көмекші етістік, шылау, модаль сөз.*

*Одағай сөздер: одағай.*

## Негізгі және көмекші сөздер

Сөздердің мағынасы мен атқаратын қызметі біркелкі емес. Кейбір сөздер толық мағыналы болса, кейбір сөздер өз алдына толық мағынасы болмай, басқа сөздермен тіркес құрамында ғана жұмсалады. Мысалы: *Біртіндеп жырды да доғара бастады (Х. Ес.)*. Бұл сөйлемде бес сөз бар, оның үшеуі (*біртіндеп, жырды, доғара*) толық мағыналы да, екеуінің (*да, бастады*) лексикалық мағынасы жоқ, тек грамматикалық мағынасы бар сөздер.

Сөздердің мағынасы мен қызметіндегі осы ерекшеліктеріне қарай, олар негізгі және көмекші болып екіге бөлінеді.

Негізгі сөздер — заттардың, құбылыстардың, олардың түр-түсінің, саны-сапасының, мезгіл-мекенінің, қимылының аты. Олардың әрі лексикалық, әрі грамматикалық мағыналары болады. Мысалы: *күн, жер, кітап, гүл, көше, он, кел, жақсы, мектеп, түн, боран, жоғары, көк, бүгін, сегіз*.

Негізгі сөздер ой құрастыруға — сөйлем құрауға негіз болады. Олар сөйлемнің дербес мүшелері қызметінде жұмсалады. Мысалы: *Асқар кітап оқыды*. Мұнда *Асқар* — бастауыш; *оқыды* — баяндауыш; *кітап* — толықтауыш.

Көмекші сөздер лексикалық мағынасынан айрылып, түрлі грамматикалық қызметке көшкен. Сондықтан олар жеке тұрып сөйлем мүшесі болмайды, сұраққа жауап бермейді. Толық мағыналы сөзге тіркесіп, оған түрлі мағына үстейді, құрамына енеді.

Дербес мағынасы бар, жеке тұрып сөйлем мүшесі бола алатын сөздер негізгі сөздер деп аталады.

Негізгі сөздерге сөйлемде түрлі мағына үстеу үшін, грамматикалық қызметте қолданылатын, дербестігінен айрылған сөздер көмекші сөздер деп аталады. Көмекші сөздерге көмекші есім, көмекші етістік, шылаулар жатады.

### **43-жаттығу.** *Текстегі негізгі және көмекші сөзді ажыратыңыздар.*

I. Панферов Москва түбінде немістерге қарсы соққы дайындалып жатқанын сезді. Бірақ осы қиын кезде қосымша әскер бермей, майдандары шағын күшпен немістерді тоқтатуға әмір берілді. Жағдай өте қиын. Тәжірибелі әскер басы Панферов қарсы шабуыл дегеннің не екенін жақсы білетін. Шабуылға дайындалған әскерді жауды тоқтатуға жұмсап, күшті шашыратып азайтып алуға болмайды. Осы ащы шындық қабырғасына қанша батса да, көнбеске шарасы жоқ. Ол бүгін өз өміріндегі ең үлкен іс атқаратынын ұқты (*Т. Ахт.*).

II. Абай жаңағы өз ойын аяқтатып тоқтатпақ боп:

— Бай, бағлан боп, қадірлі болмайды жігіт. Өнерлі боп, сол өнерін ұстай біліп, қадірлі болады. «Өперпаз болсаң — өр бол», — дейді Біржан аға. Жалқы бол, жарлы бол, ол кемшілік емес. Өнерлі ақын, асқақ әнші болсаң — ел көңіліндегі мұңды айтып, кезіндегі жасты тыйсаң, сенен зор, сенен қадірлі болмасқа тиісті — деп, Абай өз қасында отырған Әйгерім мен інісі Әмірге қарап, бір түйіп тастағандай болды (*М. Ә.*).

III. Бөлме іші тар. Есіктен кіргенде, сол қолда кішкене үстел мен бір арқалы ескі отырғыш тұр. Меңдікерей алдында тұрған жалғыз терезе сол үстел жақта. Ал қарсы бітеу қабырғада үстіне көрпе жапқан ағаш койка көрінеді. Сырт көрінісінде, ауласына, іштегі пешінін. түріне қарап, үйді орыс үйі десе де болғандай, еденсіз және ішіндегі көрпе-көпшікке қарап қазақ үйі десе де, сыярлық (*Х. Ес.*).

### **Сөз таптарының түрлері**

Тілдегі сөздердің мағынасы алуан түрлі. Бір топ сөздер заттың атын білдіреді, онымен бірге заттың сындық, сандық белгілерін білдіретін сөздер де бар: *жақсы адам, қызық кітап, жасыл жапырақ, отыз үй, қырық бала, он жылқы* дегендердегі *адам, кітап, жапырақ, үй, бала, жылқы* — заттардың аты; *жақсы, қызыл, жасыл* — сындық белгілері; *отыз, қырық, он* — сандық белгілер.

Өмірдегі заттың қимылын, қимылдың болған мезгілін, орнын, қалай болғанын білдіретін де сөздер бар: *Әкем кеше жоғары отырды* дегендегі *отырды* — заттың қимылын, *кеше* — қимылдың болған мезгілін, *жоғары* қимылдың орнын білдіріп тұр.

Осындағы *әкем* деген сөздің орнына ол деген сөзді қолдануға болады: *Ол кеше жоғары отырды.* Мұндай сөздер өзінше бір топ құрайды.

Сонымен бірге адамның көңіл күйін білдіретін сөздердің мағынасы жоғарыдағы сөздерден басқаша: *алақай, қап, әттеген-ай, үһ* т. б.

Тілдегі сөздердің мағынасы ғана мұнда түрліше болып қоймайды. Олардың түрленуінде де үлкен айырма бар, бірімен-бірінің тіркесуінде де ерекшелік мол, сөйлемдегі орны мен қызметі де түрлі-түрлі. Осы ерекшеліктеріне қарай, қазақ тіліндегі сөздер төмендегіше бөлінеді.

Зат есім (*қала, ауыл, мектеп, дәптер, оқушы, мал, жылқы, ағаш* т.б.).

Сын есім (*жақсы, әдемі, қызыл, көк, үлкен, жарық, кең, қызық* т.б.).

Сан есім (*бес, сегіз, он, он бес, жүз, екі жүз елу бес* т. б.).

Етістік (*сөйле, кел, жүр, оқы, бер, ал, орында, тоқта, өсір, гүлде* т. б.).

Есімдік (*мен, сен, ол, біз, сіз, олар, өз, неше? қашан? әлдеқашан, ешкім* т.б.).

Үстеу (*бүгін, биыл, ертең, кеше, жоғары, төмен, бері, әрмен, бүрсізгүні* т. б.).

Еліктеу сөздер (*гүрс, тарс, сылқ, жылт, жалт, саңқ, тырс,сырт.* т.б.).

Одағай (*бәрекелді, пәлі, қап, алақай, ойпырмай, әттең,аһа, уһ, ай* т. б.).

Шылау (*ды, мен, және, шейін, дейін, ақ, мыс, зой, ау, қарай, арқылы* т. б.).

Зат есім, сын есім, сан есім, есімдіктерді жалпы атаумен есім сөздер (есімдер) деп атайды.

**44-жаттығу.** *Тексті оқып, ондағы сөздерді сөз табына қарай талдаңыздар.*

— Әттең, дүние-ай, қайғыға түскен қайран ер, қабағың ашылар күн де жоқ-ау! Қырымға көз тастап жатқан қыраным екенсің-ау! Алысты болжа дейсің-ау, сөзіңнен айналайын! Тағы айтқын, айтқылашы, інішегім. Кеудеме, саңылау көрмеген кеудеме, нұр төккендей болдың-ау, мүлдем тегі! Жарық сәуле бердің-ау, Мағашым! — деді. Біраздан соң орталарына толы сары тегенем қымыз келіп, сапырылған шақта Дәттің сол жағында отырған Жамбыл Мағаштың қасына қарай домбырасын теңдей өңгеріп, бір-ақ ырғып, ауысып отырды (М. Ә.)

## Зат есім

Заттың, құбылыстың атын білдіретін сөзді зат есім дейміз. Мысалы: *ағаш, күн, кітап, жел, дауыл, үміт, қайғы, қуаныш*. Зат есім кім? не? деген сұраққа жауап береді.

Қазақ тілінде кім? деген сұрау адамға қойылады. Оған кісі аттары, адамның кәсібімен байланысты атаулар жатады. *Қорлан, Нұрлан, Болат, Күміс, Әлия, Белжан, нағашы, жиен, ата, ана, құда, құдаша, әке, шеше, инженер, оқытушы, дәрігер, малышы, ұшқыш*, т. б.

Не? деген сұрау адамнан басқа заттардың бәріне қойылады. Оған жанды заттардың, жансыз заттардың атаулары жатады *ағаш, қағаз, өсімдік, көше, ауыл, қой, мал, ешкі, құс*, т. б.

Зат есімнің құрамында, көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын деректі заттардың атаулары да, оймен танылатын дерексіз заттардың атаулары да бар: *адам, қол, көз, үй, қала, тау, орман, ақыл, сана, ой, зейін, үміт, талап* т. б.

Зат атаулары бір тектес заттардың ортақ, жинақты атауы болады. *Мал, құс, тамақ, өсімдік, жеміс, мүлік*, деген сөздердің әр қайсысы — бірнеше заттың ортақ аты. Мал — *жылқы, сиыр, түйе, қой, ешкі* дегендерді қамтитын жинақтау мәнді зат есім болса, *құс, тамақ, өсімдік, жеміс, мүлік* дегендер де сондай. Жинақтау мәнді зат есім қамтитын түрлі заттардың бір түрінің яжеке заттың аты даярлау мәнді зат есім болады. Мысалы: *қой, қаз, ет, нан, бетеге, өрік, алма, көрпе, жастық, стол* т. б.

### ***Зат есімнің мағыналық топтары.***

Зат есімдер мағынасына қарай *деректі, дерексіз, жалқы және жалпы болып* бөлінеді.

Қолмен ұстап, көзбен көруге болатын заттық атауы *деректі зат есім* деп аталады. Мысалы: *дәптер, кітап, қалам*.

Қолмен ұстап, көзбен көруге болмайтын, тек ақыл-ой арқылы ғана

танылатын заттар *дерексіз зат* есім деп аталады

Жеке я дара заттарға берілген атауларды *жалқы есім* дейміз. Мысалы: *Сырдария, Іле, Меруерт, Айгүл, "Талапты" ауылы, Отырар ауданы.*

Біртекес заттың ұғымдарын қамтитын атауларды *жалпы есім* дейміз. Мысалы: *оқушы, студент, қала, ағаш, адам.*

### **Зат есімнің жасалуы**

Туа бітті заттың атын білдіретін сөздер болады /*үй, күй, көш, ел, өзен, көл.* Оларды *негізгі зат есім* дейді. Басқа сөз таптарынан жұрнақ жалғану арқылы (*егінші, басшы, бостандық киім т.б.*) не сөздердің бірігуі, қосарлануы арқылы жаңа заттық ұғымды білдіретін сөздер жасалуы мүмкін. Оларды *туынды зат есім* дейді.

### **Зат есімнің түрленуі**

Зат есімдер көптік; септік, тәуелдік және жіктік жалғауларын қабылдап түрленеді.

*Көптік жалғауы* (-лар, -лер, дар, -дер, -тар, -тер) зат есімге жалғанып, заттың көптігін білдіреді. Мысалы: *оқушы-лар, үй-лер, қыз-дар, мектеп-тер т.б.* Көптік жалғауы жалғанбай-ақ көптік ұғым беретін сөздер бар: *шаш, үй, топырақ, құт.*

*Тәуелдік* жалғау. Бір заттың екінші бір затқа (адамға) тәуелді меншігі екенін білдіреді. Тәуелденетін сөз үш жақтың бірінде тәуелдене, меншіктеле айтылады. Тәуелдік жалғау өзі жалғанған сөзді ілік септік жалғаулы сөзбен байланыстырып тұрады.

Зат есімнің тәуелденуі екіге бөлінеді: *оңаша және ортақ тәуелдеу.*

Бір яки бірнеше заттың бір ғана затқа, я адамға меншікті екенін білдіруді *оңаша тәуелдеу*, ал керісінше бір, я бірнеше заттың көп затқа, я адамға меншікті екенін білдіруді *ортақ тәуелдеу* дейді.

Мысалы, Оңаша тәуелдену

I. Менің елі+м, бала+м, ел +дер+ім

II. Сенің ел+ің, бала+лар+ын, елдер+ін

Сіздің *ел+іңіз, бала+ңыз, бала+лар+ыңыз*

III. Олардың *ел+i, бала+сы, бала+лар+ы*

### Ортақ тәуелдену

4. Біздің *ел+іміз, бала+мыз, үйлер+іміз, балалар+ымыз*

5. Сендердің *бала+ң, ел+ің, үйлер-ің, балалар-ың*

Сіздің *ел+іңіз, бала+ңыз, үйлер+іңіз, балалар+ыңыз*

6. Оның *ел+i, бала+сы, балалар+ы*

### Септік жалғау

*Септік жалғау* зат есімге жалғанып, әр түрлі грамматикалық мағына үстеп, сөйлемде оны басқа сөздермен байланысқан түсіреді.

Қазақ тілінде жеті есімдік бар: *атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес* септіктері.

Қазақ тілінде септеудің екі түрі бар: *жай септеу* және *тәуелді септеу*. Жай септеу сөздердің түбір күйінде тұрып септелуін айтамыз. Мысалы: *ауа, ауаның, ауаға, ауаны, ауада, ауадан*. Сөздердің тәуелдік жалғауы жалғанғаннан кейін септелуін *тәуелді септеу* деп атайды. Мысалы: *қаламым, қаламың, қаламы*.

### Жіктік жалғау

Зат есім сөздердің жіктік жалғауы арқылы түрленуін *зат есімнің жіктелуі* деп атаймыз. Жіктік жалғаулары үш жақ бойынша жекеше, көпше түрлерде жалғанады.

Зат есімнің жіктік жалғаулары мынадай болып келеді.

Жекеше түрі

I жақ - мын,- мін,- бын,- бін,- пын,- пін

II-жақ -сың,-сің

-сыз,-сіз

III-жақтың арнаулы жалғауы болмайды.

Көпше түрде

I жақ -міз/мыз, -быз/-біз, -пыз/-піз

II -жақ -сындар/-сіндер

-сыздар/-сіздер

III-жақтың арнаулы жалғауы болмайды.

Жіктік жалғауы кейде тәуелдік жалғауынан кейін жалғанады:

*Мен (сенің) ағайын+ың+мын.*

Ескерту: Зат есімнің барлығына жіктік жалғауы жалғана алмайды тек адамға байланысты сөздер ғана жіктеледі.

Көпше түрде

I жақ -міз/мыз, -быз/-біз, -пыз/-піз

II -жақ -сыңдар/-сіңдер

-сыздар/-сіздер

III-жақтың арнаулы жалғауы болмайды.

Жіктік жалғауы кейде тәуелдік жалғауынан кейін жалғанады:

*Мен (сенің) ағайын+ың+мын.*

Ескерту: Зат есімнің барлығына жіктік жалғауы жалғана алмайды тек адамға байланысты сөздер ғана жіктеледі.

### **Зат есімнің сөйлемдегі қызметі**

Зат есім басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсіп, сөйлемде барлық сөйлем мүшесінің қызметін атқарады. Ең басты қызметі — атау септігінде тұрып бастауыш болады. Мысалы: *Ана — бәріміз үшін ең қасиетті ұғым.* Одан кейін толықтауыш болады. Мысалы, *Ұстаз қадірін шәкірт біледі.* Зат есім баяндауыштың да қызметін атқарады. Мысалы, *Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы.* Зат есімнің пысықтауыш болатын реттері де кездеседі. Мысал: *Жолға күн ашықта, түсте шыққан дұрыс.* Анықтауыш болады. Мысалы: *Ағамның баласы мектепте оқиды.*

**45-жаттығу.** *Тексті көшіріп, деректі зат есімдіктердің астын бір, дерексіз зат есімдердің астын екі сызыңыздар.*

1. Ескі, сарғайған, қалған жұртты көрсе, оның көңіліне аяныш, мұң кіретін еді (С. С.). 2. Қаламы осыларды жазып отырғанда, Ушаковтың ойына кейбір уақыттарда жұмыскерлерге жан тартқандай көрініп қалатын мінездері түсті (F. M.). 3. Жауға аттануға рұқсат сұрады (С. Е.). 4. Ар-ұят, намыс-кек бәрі ортақ болған соң, әскер достығы терең бір мағына табады. 5. Намыс, адамшылық дегендердің қанша тоналып жатқаны ойына бір оралмаған сияқты (F. M.). 6. Олардың көпшілігі жаңа сана-сезімде келді (С. М.).

## Жалпы есім мен жалқы есім

Зат есім мағынасына қарай жалпы және жалқы есім болып екіге бөлінеді.

Бір түрлі көп заттың жалпылама атын жалпы есім деп атаймыз. Мысалы: *қала, тау, көл, кісі*. б. Бұл сөздердің бәрі жалпы мағыналы, өйткені бұлар бір ғана қаланы, бір ғана тауды, бір ғана көлді, бір ғана кісіні білдіріп тұрған жоқ. Олар — бүкіл қалаға, тауға, көлге, кісіге ортақ атаулар.

Бір түрлі көп заттың ішінен біреуінің арнаулы атын жалқы есім дейміз. Мысалы: *Алматы, Алатау, Балқаш, Асқар* т. б. Жалқы есімдерге мыналар жатады:

1) Кісі аттары мен фамилиясы: *Абай, Шоқан Уәлиханов, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Сәкен Сейфуллин*;

2) Географиялық астрономиялық атаулар: *Кавказ, Орта Азия, Күн, Жеті-қарақшы*.

3) Газет, журнал, кітап, ән, күй аттары: *«Оянған өлке», «Қазақстан әйелдері», «Кісен ашқан»*.

4) Мекеме, ұйым, фабрика аттары — *«Аманкелді», Шымкент қорғасын заводы*

5) Мал мен хайуанаттарға қойылған атаулар: *Құлагер, Тайбурыл, Бөрібасар*.

**46-жаттығу.** *Тексті оқып, жалпы, жалқы есімдерді, деректі, дерексіз зат есімдерді ажыратыңыздар.*

І. Бұл кісінің даңқы, түү сонау Әзірет Сұлтан, Ташкент, Бұхараға дейін кеткен екен ғой, жуырда атын «Ақжол» газетінде көрдім (*Ғ.Мұст.*).3.Дәркембай Афанасқа үлкен сеніммен, жылы шыраймен қарады. 4.Абайдың ағасы Тәкежаннан және інісі Ысқақтан қорлық-зомбылық көрген Дәркембай бастаған үш-төрт қарт Абайға кеп, мұңын шағады (*М. Ә.*). 5.Торғайдың кей ауылдары жаз айларында Жайық, Тобыл, Есіл, Кеңгір, Ырғыз, Қобда сияқты өзендерді жайлап қайтады. 6.Сонымен, Неке, Бәтеке не істе дедің?— деді Нұрбек Найзабекке (*С.М.*). 7.Асқар жатқа Гете, Гейне, Пушкин, Блок, Есенин, Абайдан көп өлеңдер

оқиды, оқығанда, нәшіне келтіре, ақындарша, әдемі лебізбен айтады.

### **Зат есім жұрнақтары**

#### **А. Есім сөзден зат есім тудыратын жұрнақтар**

1.-шы,-ші: *күзетші, тракторшы, малышы, қойшы,*

2.-шылық, шілік; *адамшылық, малышылық, кемшілік.*

3-лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес: *одақтас, сабақтас, замандас, бауырлас, жолдас.*

-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік: *ауыздық, орындық, түндік, батырлық, күнделік, жылдамдық, үлкендік.*

-хана: *аурухана, асхана, кітапхана.*

-ист,- изм, -ат, -ир: *тракторист, секретариат.*

#### **Ә. Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақтар**

1.-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе: *көрме, қойма, көмбе, сүзбе, қақпа, кеспе.*

2. -қын, -кін, -ғын, -гін: *қашқын, тасқын, ұшқын, тізгін,қырғын.*

3.-ынды, -інді, -нды, -нді: *қорытынды, ерітінді, үгінді, жуынды, сыпырынды.*

4.-ын, -ін, -н, *егін, түйін, буын, сауын, толқын, жауын.*

5.-мақ,-мек,-бақ, -бек, -пақ, -пек: *шақпақ, тізбек, батпақ, сырмақ, ілмек, піспек, құймақ, соқпақ, өрмек.*

6.-ақ, -ек,-қ,-к, -ық, -ік: *орақ, қонақ, жүрек, жатақ, күрек, төсек, сұрақ, тарақ, күйік, сызық, тозық, сынық, қазық.*

7.-қы, -кі, -ғы, -гі: *шалғы, бұрғы сүзгі, ашытқы.*

8.-у: *қашау, егеу, тұсау, сұрау, көсеу, жасау, жалғау.*

9.-ым, -ім, -м: *бөлім, сөйлем, жем, білім,тыным.*

10.- ыс,-іс,-с: *соғыс, жарыс, жеңіс, айтыс,*

11-қыш,-кіш,-ғыш,-гіш; *басқыш, сүзгіш, қырғыш, сорғыш, алжапқыш.*

12-ыш,-іш: *қуаныш, күйініш, сүйініш, қызғаныш.*

**47-жаттығу.** *Есім сөзден зат есім жасаушы есімді жұрнақтың астын бір, өнімсіз жұрнақтың астын екі сызып, тексті көшіріңіздер.*

1. Тас пештерді белуарлап тұрған сұйық мыс, шелекте қатқан суға ұсап, суынған пештерге кептелген бойы бірге қатып калғандай көрінеді. 2. Мектеп оның мырзалығы да, жан ашырлығы да, мәдениеттік бір арманы да емес, дәл

күні бүгінгі өндіріс тілегі еді (*F. M.*). 3. Белес түбі бір асқар (*F. Мұст.*). 4. Қанаты қатқанша, торғай да балапанын қорғайды ғой... (*X. Ес.*). 5. Табалдырықтан бастап, төрге дейін төселген түкті кілемдер табаныңнан тартып, былқ-былқ етеді (*F. M.*). 6.—Осынша ұрлықпен, осынша арамдықпен әлгі ауылнай айтқан заңның тармағына қалайша әлі ілінбей жүрсіз? — деп, кеміте сөйледі Әзімхан. (*C. C.*)

**48-жаттығу.** *Оқып шығып, туынды зат есімдерді теріп жазыңыздар да, жасалу жолына сипаттама беріңіздер.*

1. Енді бөгет атаулы жапырылып болған соң, барлық қолдары жан-жақтан қыстауға қарай лап берді (*М. Ә.*). 2. Сойыл алып, төбелеске шықпаса да, түбінде куәлікке жарар деген ой еді (*C. Ш.*). 3. Сыншылар айтатындай, оны жазушылық електен өткізуім керек (*Б. Соқп.*). 4. Біраздан соң, жаңа қарауыл екі вагонды да ашты (*C. C.*). 5. — Қашқын мұнда, мұнда,— деп қиқуласқан сары маса да азан-қазан болып, бұлттай төніп төбемде ойнап келеді (*F. M.*). 6. Меруерт-маржан шимайланған кимешек, о да ілулі тұр (*C. Ш.*).

### Сын есім

Заттың түрін, түсін, сапасын, белгісін білдіретін сөз табын **сын есім** дейміз. Мысалы: *Қызық* (кітап), *өнерлі* (адам), *жақсы* (хабар), *бойшаң* (бала).

Сын есім қандай? қай? деген сұрақтарға жауап беріп, сөйлемде анықтауыш болады. Мысалы: *Қызық кітап оқыдым.*

Сын есім етістіктің алдынан тіркесіп, пысықтауыш болады. Мысалы: *Ол жақсы оқып, жақсы жүреді.*

Сын есім сөйлемнің баяндауышы да болады. *Мен үлкенмін, сен кішісің.*

Тұлғасына қарай сын есім негізгі және туынды болып бөлінеді.

Негізгі сын есім: *қызыл, кәрі, жұмыр, сары, күрең, нашар, сұр, үлкен.*

Туынды сын есім: *ұялшақ, үлгілі, әсемпаз, өнерлі, күзгі, таулы.*

Туынды сын есім сын есім тудырушы жұрнақтар арқылы жасалады.

### Сын есімнің сөз тудырушы жұрнақтары

Сын есімнің сөз тудырушы жұрнақтары көбінше зат есімнен басқа да есім сөздерден және етістіктен сын есім жасайды. Осымен байланысты сын есім жұрнағы екіге бөлінеді.

1) Есім сөзден сын есім жасайтын жұрнақ. 2) етістіктен сын есім жасайтын жұрнақ.

#### **А. Есім сөзден сын есім жасайтын жұрнақтар**

1. -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті: *таулы, күлкілі, малды, қамысты*  
-сыз, сіз: *сусыз, орынсыз, мектепсіз, көмексіз.*  
-шыл, -шіл: *малшыл, өзімшіл, өлеңшіл, көпшіл.*  
-шаң, -шең: *бойшаң, сөзшең, киімшең.*  
-қы, -кі, -ғы, -гі: *түнгі, үйдегі, түскі, сыртқы, манағы*  
*шеткі, қысқы.*  
-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік; *техникалық, қалалық*
7. -дақ, -дек, -тақ, -тек: *жеңілтек, шіңкілдек, тапалтақ.*
- 8.-шек: *көңілшек.*
- 9.-тай,-тей,-дай,-дей: *таудай, үйдей, түйедей.*
- 10.-тал, -мал: *сезімтал, бауырмал, өсімтал.*
- 11.-кеш, -геш, -кес: *күлегеш, әзілкеш, зиянкес* т. б.

#### **Ә. Етістіктен сын есім жасайтын жұрнақтар**

1. -ыңқы, -інкі, -ңқы, -ңкі; *басыңқы, шығыңқы, қатыңқы, көлбеңкі,*  
*көсіліңкі,*
2. -ғыр, -гір, -қыр, -кір: *өткір, ұшқыр, алғыр.*
3. -ымсақ, -імсек, -мсек, -мсақ: *алымсақ, келімсек, сұрамсақ, тілемсек.*
4. -палы,-пелі,-малы,-мелі: *ашпалы, көшпелі, алмалы, салмалы,*
5. -қақ,-кек,-ғақ,-фек: *майысқақ, тоңғақ, тайғақ, ұрыстық, жабысқақ.*
6. -ғыш, -қыш, -кіш, -гіш: *бергіш, тыңдағыш, сезгіш, еріткіш, оқығыш,*  
*білгіш.*
- 7.-шақ, -шек: *мақтаншақ, еріншек, ұялшақ, жасқаншақ.*
- 8.-ық, -ік, -қ, -к, -ақ, -ек: *жабық, ашық, суық, бұзық, жыртық, ақсақ,*  
*үркек, жатық, жетік.*

**49-жаттығу.** Көп нүктенің орнына сын есімнің сөз тудырушы жұрнағын қойып, *тексті көшіріп жазыңыздар*

1. Жел... түнде... үн... ауаны қақ жарып ақырған отарбаның даусы

жұмсақ, әдемі тынық түнде маужыраған, қалғыған төніректі селт еткізді (С. С.). 2. Мектеп маған туған анам... бауыр...3. Су жағасы құмда... (Б. Соқп.). 4. Менімен бір тұқым... жігіт (С. С.). 5. Сөйте тұрып, ол көп мәселе жөнінде сәби... аңқау (Б. Соқп.). 6. Артымызда аққу... тізілген Кенжетайдың аулы қалып барады (С. М.). 7. Мұнда көлік... күнің күн емес, серік... одан да жаман. 8. Маужыраған барқыт түн, ие... дала. 9. Тәуекел деп, кезек... кірмекші болдым. 10. Ана белдің астында...сиыр... ауылға кетті (Б. Соқп.).

**50-жаттығу.** Мына текстен зат есім мен сын есімге ортақ жұрнақтарды тауып, олардың айырмашылығын түсіндіріңіздер.

1. Искер де серпінді адам қамту жағынан әлі де қарқыны басылмағанын әдейі көзге сұға жазып кетті. 2. Балалы-шағалы жұмыскерлерге арналып салынып жатқан бір барақ бар еді. 3. Алыстығы мен отынсыздығы — сусыздығынан шошынып, Рязанов осыны қабылдамаған екен деп ойлады Бернер. 4. Жастық шағында ұлғайран жанның ісін істесең, ұлғайғанда, қайтпексің. 5. Дәл бұл сәтте өзінің соққыға жығылып жатқанын да аңғармап еді (Ғ. М.). 6. Ойын-сауық үйірмесінде талғампаздық, талапкерлік ниеттерінен әрдайым талас-тартыс туып отырады (А. Мак.).

### Сапа сыны мен қатысты сын

Шырай арқылы түрлене алатын сын есімнің түрін **сапа сын** дейміз. Мысалы: *жақсырақ, көңілдірек, өте көңілді, жап-жасыл, сарылау, бозақ, үп-үлкен.*

Шырай арқылы түрлене алмайтын сын есімнің түрін **қатыстық сын** дейміз: *қалпақты, көйлекті күзгі, байпақшаң, қалалық.*

**51-жаттығу.** Сапа сынының астын бір, қатыстық сынының астын екі сызыңдар.

1. Мен сені ақ көңіл жайдары жігіт пе деп ойлайтын ем. 2. Ортақ кезде ұшын қырыққан дөңгелек ақ сақалды, ала шапанды, сәлделі бір жат адам отыр екен. 3. Басы күндегідей ыстық емес, қоңыр салқын. 4. Міне, декабрьдегі осындай сүйкімді бір күнде ақ қардың үстіне арқандай шұбатылған сары жолақ жолменен, шанасындағы екі кісіні шопақ құрлы көрмей, бусанған денесі ширап, кең кеудесіне тұнық ауаны толтыра жұтып, танауынан буы паравоздай будақтап, құлағын қайшыландыра, құлашын көре бөкен желіске салып, Итбайдың Қоянкөгі келе жатты. 5. Жылы қалашқа шыртылдақ сары майды араластыра отырып, арестанттар шайға мейлінше қанды (С. М.).

## Дара және күрделі сын есімдер

Сын есім заттың сынын, сапасын бір сөз арқылы да, көп сөз арқылы да білдіреді. Мысалы: *үлкен, нашар, жасыл, тар, әдемі, кіші, қара күрек, үлкенді-кішілі, сары ала, қара тонды.*

Күрделі сын есімдер бір лексикалық мағынада, бір сөйлемнің мүшесі қызметінде қолданылады. Мысалы: *Бөлмеге жуантықтау орта жасты, жирен шабдар* әйел кірді. (С. М.).

Күрделі сын есімдердің жасалуы мынадай:

Негізгі сын есімдердің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *қара ала, ақ шабдар.*

Негізгі сын мен туынды сынның тіркесі арқылы жасалады.

Мысалы: *көк көйлекті, қара қалпақты.*

Сын есімдердің қосарлануы арқылы жасалады. Мысалы: *үлкенді-кішілі, ақтылы-қаралы, үлкен-үлкен, жақсы-жақсы.*

Тұрақты тіркестер арқылы жасалады. Мысалы: *тонның ішкі бауындай.*

**52-жаттығу.** *Күрделі сын есімдерді тауып, оларды жасалу жолына қарай топтап, теріп жазыңыздар.*

1. Жасқанып, еңкейген Асқардың беліне зілдей ауыр, қылыштай өткір нәрсе тағы да сарт ете түскенде, белі үзіліп кеткендей көрінді. 2. Кішкене көлемді көлдік өзі сирек кездесетін Жаманшұбардың шөлейт даласында өскен маған, Есіл сияқты кең арқылы, тоғайлы ұшы-қиырсыз өзенді көру қандай тамаша! (С. М.). 3. Шіріген картоптай сабалақ тарғыл мұрынды, жайын ауыз, маңдайы екі-ақ елі, екі білегі жүн-жүн (F. М.). 4. Ақ бұжыр кескінді, ашаң өнді, бедеу байталдай аяқ-қолы жинақ, сөзшең, ашуланшақ, адам болатын. 5. Қастарында ұйпалақ бозғылт сақалды шаруа отыр (С. М.). 6. Желсіз түнде үнсіз ауаны қақ жарып ақырған отарбаның даусы жұмсақ, әдемі тынық түнде маужыраған, қалғыған төңіректі селт еткізді .

**53-жаттығу.** *Заттанған сын есімнің астын сызып, оған жалғанған қосымшаның қай сөз табына тән екенін түсіндіріңіздер.*

1. Жақсының қадірін жаманды көргенде білерсің. 2. Оттама, үлкен сыйламаған, жақсыдан жаман туған. 3. Жасы, кәрісіне, әйел-еркегіне бірдей сөз тауып, бәрімен құрдасындай ойнап, құрбысындай әзілдейді (F.

*Мұст.*). 4. Жауыздарға жол бермеу керек (*Х. Ес.*). 5. Ақты — ақ, қараны — қара демейтін, арамды — арам, адалды — адал демейтін, үкіметтің, халықтың жолын білмейтін надан, пасық, не қылығымен ұнады. 6. Мал-мүлікті енді басқа ояздағы жақындарына тығып жатыр (*Ғ. Мұст.*).

### Сын есім шырайлары

Заттың сындық сапасының басқа заттан артық-кемдігін білдіретін сын есім мағынасын **шырай** дейміз. Қазақ тілінде 2 түрлі шырай бар: 1) салыстырмалы шырай, 2) күшейтпелі шырай.

1. Салыстырмалы шырай сындық сапаның басқа заттық сынынан артық-кемдігін салыстыру ыңғайында көрсетеді. Мысалы: *Мынау кітап ана кітаптан жақсырақ. Бұл бөлме ана бөлмеден үлкенірек.*

Салыстырмалы шырай сын есімдерге мынадай жұрнақтарды жалғау арқылы жасалады:

а) -ырақ, -ірек, -рақ, -рек: *жұмсағырақ, көгірек, тазарақ, сөздірек.*

ә) -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу: *жастау, үлкендеу, биіктеу, көңілділеу*

**Е с к е р т у.** -қылт, -қыл, ғыл, -ғылт, -ғыш -шыл, -шіл, -қай, -аң, жұрнақтарының да мағыналық мәні бар. Мысалы: *көкішіл, бозғылт, сарғыш, ақшыл, қоңырқай, қуаң* т. б.

2. Күшейтпелі шырай сындық сапаның басқа заттың сапасы мен салыстырғанда, өте артық я өте кем екенін көрсетеді. Мысалы: *қып-қызыл, өте әдемі.*

Күшейтпелі шырай мынадай 2 түрлі жолмен жасалады:

1. Күшейткіш буынның сын есіммен қосақталуы арқылы жасалады. Күшейткіш буын сын есімнің бірінші буынынан *-п* арқылы жасалады. Мысалы: *үп-үлкен, қап-қара, жап-жақсы.*

2. Сын есімнің алдынан күшейткіш демеуліктердің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *өте жақсы, аса терең, ең қадірлі.*

### Сын есім, оның мағыналық түрлері, жасалуы

Сын есім - дүниедегі әрбір заттың, құбылыстың алуан түрлі сындық белгілерін,

қасиетін білдіретін сөз табы.

Сын есім сөздері *қандай? қай?* деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *ақ, үлкен, жаман, кең, жарық, жылы, бойшаң, саран, жемсіз, сәнқой, білгіш, жарамсақ, ақылды т.б.*

Сын есім сөздер құрамына қарай екіге бөлінеді: *жалаң сын есім және күрделі сын есім.*

Бір сөзден ғана тұратын сын есімді *жалаң сын есім* деп атайды. Мысалы: *сары, тар, күлегеш, қабаған т.б.*

Екі немесе бірнеше сөздің тіркесінен және қосарланып жасалған сын есімді *күрделі сын есім* деп атайды. Мысалы: *ақ құба, торы ала, ойлы-қырлы, әкелі-балалы т.б.*

### **Сын есімнің заттануы және сөйлемдегі қызметі**

Егер сын есімге көптік, я тәуелдік, я септік жалғауы жалғанса, онда сын есім зат есімнің орнына жүреді. Осындай сын есімнің сөйлемде зат есімнің орнына жұмсалып, зат есімнің қызметін атқаруын сын есімнің заттануы дейді. Мысалы: *Жақсыдан-шарапат, жаманнан кесанат* (мақал) деген сөйлемде *жақсыдан, жаманнан* деген сын есімдер шығыс септік жалғауында тұрып, зат есімнің орнына, яғни адамнан дегеннің орнына (*жақсы адамнан, жаман адамнан*) заттанып қолданылған.

Сын есім әдетте сөйлемде анықтауыш болып тұрады. Мысалы: *Сұр бұлт түсі суық, қаптайды аспан.*

Сын есім жіктік тұлғада тұрып, сөйлемнің баяндауышы да болады. Мысалы: II жақта *Сен бір артық, көркемсің.* III жақта *Әлсіз адам сүріншек.* Жіктік тұлғада баяндауыш қызметін атқарып тұр.

3. Сын есім сөйлемде етістіктің алдында тұрып, қимыл, іс-әрекеттің санын білдіріп, қалай? деген сұраққа жауап беріп, пысықтауыш та болады. Мысалы: *Апат екпіндей басып келеді. Асан үсті басын таза ұстайды* деген сөйлемдерде *екпіндей* (қалай басып?), *таза* (қалай ұстайды?) деген сын есімдер пысықтауыш қызметін атқарып тұр.

4. Сын есім табыс, барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде келіп, заттанып, толықтауыш та болады. Мысалы; *Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез* деген сөйлемде білімдіден (кімнен шыққан?), талаптыға (кімге кез болсын?) деген сын есімдер заттанып келіп (адамнан, адамға деген мәнде), толықтауыш қызметін атқарып тұр

5. Заттанып сын есім атау септік тұлғасында тұрып, бастауыш болады. Ұялшақ *сыбағасынан құр қалар* (мәтел). *Жомарт жоқтығын білдірмес* деген сөйлемдерде **ұялшақ**, жомарт, сөйлемдері кім? деген **сұраққа** жауап беріп, **заттық** мағынада қолданғандықтан бастауыш қызметін атқарып тұр.

**54-жаттығу.** *Үзіндідегі сын есімге жалпы талдау жасаңыздар.*

Енді сол көп қыздардың ішінен бөлініп қалған бір ғана қзын бойлы, ақ сары қыз бар. Сұлу денелі, ашық нұр жүзді, әсем бой жеткен. Жіңішке қап-қара қасы Абайға алдымен байқалды. Кейбір кішкентай қозғалыстарымен Тоғжанның қасын еске түсірген. Ұзынша боп біткен, үлкендеу келген қоңырқай көздері саналы сияқты. Анда-санда күле қарап, жалт етіп қалғанда, әлдеқандай көп шұғалалы, мол сәуле төккендей болады. Сопақша бәткен сұлу жүзінде жұқалаң, әсем қызылы бар (М.Ә.).

Содан былай бетінде қорасаннан қалған дағы бар бұжыр адамдай кейіпсіз., жаралы жартасты жергілікті жұрт Жүректас атап кетіпті. Ұсқынсыз тастың жүрекке ұқсайтын ештемесі болмаса да, адам баласы қасына барса-ақ, екі сәбидің қосыла соққан жүрек дыбысындай, әлгі жер бүкіл алапатымен дүңк-дүңк етіп, баяу соғып тұрады екен (С.Ж.).

**55-жаттығу.** *Сын есімдерді теріп жазып, қай шырайда тұрғандырын ажыратыңыздар*

.1. Үлкендеу келген қой көзі қазір тұңғиықтанып, бояуы сөне түскендей (М. Ә.). 2. Әлбетте, мұндай жағдайда өзімізге-өзіміз: «Бүгінгі тұрмысым кешегіден жақсы, ертең бүгінгіден де артық болса екен»,— дейміз ғой. 3. Аспанды сарғыш бұлт тұтас қаптап алған (F. P.). 4. Қызғылт кең жүзді, қою қоңыр шашы бар, тұнжыраған үлкен қара көк көзді әйел үй ішіне амандаса кірген еді. 5. Үлкен ыза бойын буып келген Қаратай Құнанбайға аса бір салқын зілмен сөйлейді (М. Ә.). 6. Көздері таудағы көлге ұқсаған тым терең, де емес, бірақ қап-қара ұзын кірпіктері сондай терең етіп көрсететін сияқты.

**56-жаттығу.** *Төмендегі сөздерге мына жұрнақтарды (-рақ,-ғыш, -ғылт,-теу,-деу, -аң, -ғылтым, -шыл, -шілтім) жалғап, бұларды қайсысы түгел қабылдайтынын, қайсысы қабылдамайтынын, қандай жұрнақтың қандай*

*мағыналы сын есімге тән екенін көрсетіңіздер*

Жақсы, сары, қызыл, көк, боз, үлкен, биік, кен, қалың, малды, толық, сирек, кіші, қашық, шикі, әдемі.

### **Сан есім**

Заттың санын, қатарын, мөлшерін, бөлшегін білдіретін сөз табын сан есім дейміз. Мысалы: *он, отыз, алты, бес, елу, бесінші, жүздеген, мыңдаған.*

Сан есім *н е ш е? қ а н ш а? н е ш і н ш і? н е ш е у?* деген сұрақтарға жауап береді, сөйлемнің барлық мүшесі болады. Сан есім мағынасына қарай 6 түрге бөлінеді: олар — есептік, реттік, жинақтық, болжалдық, топтау, бөлшектік сандар.

1. Есептік сан есім заттың дәл санын білдіреді, *неше? қанша?* деген сұраққа жауап береді. Мысалы: *бір, үш, он, жиырма, қырық, жүз, жүз елу бес, үш жүз алпыс екі* т. б.

Есептік сан дара және күрделі болады, күрделі есептік сандар бөлек жазылады.

2. Реттік сандар заттың рет санын білдіреді, *н е ш і н ш і?* деген сұраққа жауап береді. Олар есептік сандардан *-ыншы, -інші, -ншы, -нші* жұрнақтары арқылы жасалады. Мысалы: *он-ыншы, бес-інші, алты-ншы, жеті-нші.*

Реттік сан цифр арқылы жазылса, одан кейін дефис қойылады: *5-класс.*

Рим цифрынан кейін реттік санға дефис қойылмайды: *XX том.*

3. Жинақтық сан есімдер заттың жинақталған санын білдіреді, *н е ш е у?* деген сұраққа жауап береді.

Жинақтық сан есімдер *-ау, -еу* жұрнағы арқылы бірден жетіге дейінгі есептік саннан жасалады: *біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу.*

4. Болжалдық сан заттың санын шамамен, болжалдап қана білдіреді.

Болжалдық сан есептік саннан бірнеше жолмен жасалады.

1. Жұрнақтар арқылы жасалады

а) *-даған (деген), -таған (-теген), -лаған (-леген): мыңдаған (1000—*

даған), *қырықтаған*, (40—таған), *жиырма* (20— лаған).

ә) -дап (-деп), -тап (-теп), -лап (-леп); *ондап* (10—дап), *бестеп*, (5—*теп*), *алтылап* (6—лап). б) -дай (-дей), -тай(-тей): *мыңдай* (адам), *алтыстай* (машина);

2. Жалғау арқылы жасалады:

а) көптік жалғауы: *бестер* (5-тер), *елулер* (50-лер);

б) көптік жалғауы және септік жалғауы: *ондарда* (10-дарда) *отыздарда* (30-дарда);

3. Есептік сандардың қосарлануы арқылы жасалады: *бес-алты*, *жеті-сегіз*, *жиырма-отыз*, *қырық-елу*, *алтыс-жетпіс*;

4. Есептік санға шақты, шамалы, тарта, қаралы, таман, таяу, жуық, жақын шылаулары тіркеседі: *он шақты*, *жүз шамалы*, *мыңға тарта*, *алтысқа таман*, *отызға жуық*, *мыңға жақын*;

5. Топтау сан есімдері белгілі топтағы заттың санын білдіреді, олар есептік санның қосарланып, соңғы сыңарына шығыс септік жалғауы қосылу арқылы жасалады: *он-оннан*, *бес-бестен*, *екі-екіден*:

6. Заттың бөлшегінің санын бөлшектік сан есімдер білдіреді, олар есептік сандардың, шығыс, ілік септік, тәуелдік жалғауларында тұрып тіркесу арқылы, жарым, жарты, ширек сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады: *оннан бір*, *оннан бірі*, *бес жарым*, *үш ширек*.

### **Сан есімнің емлесі және оның сөйлемдегі қызметі**

Емлесі:

1. Күрделі сан есімнің әр сыңары бөлек жазылады: *бір мың тоғыз жүз сексен алтыншы жыл*.

2. *Реттік сан есім зат есіммен тіркеліп келгенде араб цифрлары арқылы жазылса, саннан кейін дефис қойылады. Мұхтар шығармаларының 4-томы. Тек жыл және ай аттарымен тіркескенде, дефис жазылмайды: 1987 жыл, 13қазан, 9 маусым.*

Рим цифры арқылы таңбаланған сан есімге дефис қойыл-

майды: *II қатар, IV том, Әуезовтың X томын оқыдым*

Цифрмен таңбаланатын сан есімдерге қосымшалар дефис арқылы жазылады: *Сабақ 4-те басталады.*

Бөлшектік сан есім сөзбен жазылса да, цифрмен жазылса да *жарым- жарты* тәрізді сөздер бөлек жазылады. *Жұмысқа жеті жарымда баруым керек*

6. Есептік сан есім мен зат есім тіркескенде бөлек жазылады; *10 кітап (он кітап), 5 дәптер (бес дәптер).*

7. Болжалды сан есімдер цифрмен жазылғанда оларға қосымша дефис (-) арқылы жазылады *1000-даған қой айдадым, сағат 2-лерде келдім.*

Сан есімнің сөйлемдегі негізгі қызметі - анықтауыш. *Біздің университетте он екі мың студент оқиды.* Топтау сан есімдері пысықтауыш қызметін атқарады. *Кітапханада екіден, үштен отырдық.* Сан есім заттанған жағдайда сөйлемнің барлық мүшесі бола береді. *Екеуі сонда кетті. Ойласып-ойласып қырыққа тоқтады. Сегіздің аяғы сегіз.*

**57-жаттығу.** Сан есімдерді тауып, оларды мағынасына, құрамына талдаңыздар

1. Жапон авианосецтері мен крейсерлерінен 100 шақты самолет көтерілді (С. Е.). 2. Үйшіктердің саны 14 — 15 (С. С.). 3. Үшінші қамбаға аяғын тығып алып, қайтадан ілгері ұмтылғанда, төртінші бір бәленің иісі аңғарылды (Ғ. М.), 4. Жасы қырықтан асқан кісінің ат-арбасы бар, жаман қосы бар, бір-екі бұзаулы сиыры бар, 18 — 19-ға келген келіншегі бар (С. С.). 5. Темір жол салынбаған жерде мыңдаған көлік керек болатынын уайымдап еді. Ушаков оның алдына қазақтың, он мыңдаған түйесін тосты (Ғ.М.).

**58-жаттығу.** Көп нүктенің орнына мағынасына қарап, жақшаның ішіндегі қосымшалардың тиістісін жазыңыздар.

Сағат 4... Жапон теңізі мен Тихоокеан аралырындағы Жапония үстінде 170 миллион самолет қалықтап, күндізгі сағат 5... Жапонияның түні басталды (С. Е. ). 2. Жасы со кезде 50—60... . 3. Онан со жылы біздің Жаманшұбардан үш-төрт... жылқы қосылған (С. М.). 4. Екеу... тағы бір — бір бұрасып, бүгіліп кеп жерге түсті (С. С.), 5. Дәулеттің молдығы Нұртазаны жүз орап алатын Әлти жалшыны екі... -үш... емес, елу... - алпыс... жалдайды (С. М.). (-тарда, -тей, -те, -і, -ін, -тап, -теп, -леп).

**59-жаттығу.** Бірінші бөлімдегі сан есімдерге тиісті тыныс белгісін қойыңыздар.

*Екінші бөлімдегі сан есімдердің цифрмен жазылғандарын әріппен, әріппен жазылғандарын цифрмен жазыңыздар.*

I. 18 ге, 100 ден, 15 үй, 2 лерде, 2 қатар, 2 мектеп, 20 том, XX том, қарашаның он сегізі, шілденің тоғызы, XIV тарау.

II. 35,150,565,4795,1970, он бесінші үй, алтыншы пәтер, он бестерде, қырық жетіде, бір мың сегіз жүз жетпісінші жыл, жүздеген адам, алпыстарда.

I.20 ға, 500 ден, 15 үй, 3 терде, 6 қатар, 2 мектеп, 15 том, XI том, қарашаның жиырма төрті, шілденің алтысы, XIX тарау.

II . 39, 240, 960, 5686, 1973, он жетінші үй, жетінші сынып, жиырма үштерде, елу алтыда, бір мың тоғыз жүз тоқсаныншы жыл, мыңдаған адам, жетпістерде, төрт-бестерде.

## ЕСІМДІК

Басқа сөз таптарының орнына қолданылатын сөздерді есімдік дейміз. Мысалы: *Асқар кітапты көп оқиды* деудің орнына. *Ол кітапты көп оқиды* -деп зат есімнің орнына есімдікті қолдануға болады. *Ол жоғарыда тұр* деудің, орнына *сонда тұр* дегенде үстеудің орнына *сонда* деген есімдік қолданылған.

Есімдік өте жалпы мағыналы сөз, сондықтан ол түрлі-түрлі мағыналы сөздердің орнына жүре алады.

Есімдік мағынасына қарай жетіге бөлінеді: 1) жіктеу есімдігі, 2) сілтеу есімдігі, 3) сұрау есімдігі, 4) өздік есімдігі, 5) белгісіздік есімдік, 6) болымсыздық есімдігі, 7) жалпылау есімдігі.

1. **Жіктеу есімдіктері** — жақтық мағыналы сөздер. Олар 3 жақта, жекеше, көпше, анайы, сыпайы түрде қолданылады. Жіктеу есімдіктері мыналар: *мен, біз, біздер, сен, сіз, сіздер, ол, олар.*

1-жақ жіктеу есімдіктері: жекеше—*мен*, көпше—*біз, біздер.*

2-жақ жіктеу есімдіктері: жекеше, анайы — *сен*, сыпайы -*сіз*, көпше, анайы — *сендер*, сыпайы — *сіздер.*

3-жақ жіктеу есімдіктері: жекеше — *ол*, көпше — *олар.*

Бірінші жақ жіктеу есімдіктері сөйлеушіні, екінші жақ жіктеу есімдіктері тыңдаушыны, үшінші жақ жіктеу есімдіктері сөйлеуші мен тыңдаушыдан басқаларды білдіреді.

Бірінші, екінші жақ жіктеу есімдіктері тек адам аттарының орнына жүреді, 3-жақ жіктеу есімдіктері адам аттарының орнына да, басқа

атаулардың орнына да жүреді. Сондықтан —3-жақ жіктеу есімдіктерінің қолданылу аясы кеңдеу.

Жіктеу есімдіктерінің I, II жақтары кі м? деген сұраққа, III жағы к і м? н е? деген сұрақтарға жауап береді. Жіктеу есімдіктері жіктеледі, септеледі.

**2. Сілтеу есімдіктері мыналар:** бұл, осы, ол, сол, ана, анау, мына, мынау, сонау, осынау, әне, міне.

Сілтеу есімдіктері нәрсені, құбылысты, уақиғаны нұсқап, сілтеп көрсетеді. Олар қ а й? деген сұраққа жауап береді.

*Бұл, мына, мынау, осы, міне* деген сілтеу есімдіктері сөйлеушіге жақын заттарды көрсетеді. Мысалы: *Мына үйде тұрады.* Мұндағы сөз болып тұрған *үй* деген зат сөйлеуші мен тындаушының көз алдындағы жақын зат.

*Анау, ана, сонау, әне* сілтеу есімдіктері алыстағы нәрсені нұсқайды. Мысалы: *Сонау алыста жүрген ұшқыштардың ерлігін айт.* Мұндағы *сонау* есімдігінің алыстық мәні анық көрініп тұр.

Сілтеу есімдіктері зат есімнің орнына қолданылғанда, көптік. тәуелдік. септік жалғаулармен түрленеді. Мысалы: *бұлар, осылар, аналарын, мынауың, осымыз* т. б.

**3.** Қандай сөздердің орнына қолданылатыны белгісіз есімдіктерді **белгісіздік есімдігі** дейді. Мысалы: Мен мынау *әлдеқалай, біреу, кейбіреу, кейбір, қайсыбір, бірнеше, бірдеме*. Белгісіздік есімдіктері түрлі сөз табының орнына жүреді. Зат есімнің, орнына қолданылатын белгісіздік есімдіктер мыналар: *әркім, әлдекім, әрне, әлдене, біреу, кейбіреу, бірдеме, бірдеңе, кімде-кім*; Сын есім орнына қолданылатындар: *әр, әрбір, бір, кейбір, қайсыбір, қайбір*; сан есімнің орнына қолданылатындар: *әлденеше, біраз, бірнеше*; үстеудің орнына қолданылатындар: *әрқашан, әрқалай, әлдеқашан, әлдеқалай, әлдеқайдан*.

**4. Болымсыздық есімдіктер мыналар:** *ешкім, ештеме, ешбір, ешқандай, ешқашан, ешқайдан, ешқайда, ешқайсысы, дәнеме, дәнеңе*.

Болымсыздық есімдіктерінің сөз табына қатысы түрлі. Зат есім орнына қолданылатын болымсыздық есімдіктер: *ешкім, ештеме, ештеңе, ешнәрсе, ешқайсысы, дәнеме*; сын есім орнына: *ешқандай, ешбір*; үстеу орнына: *ешқашан, ешқайдан* есімдіктері қолданылады.

Зат есім орнына қолданылатын болымсыздық есімдіктері зат есім сияқты түрленеді: септеледі, тәуелденеді, кейде көптік жалғауын да қабылдауын кездеседі, бірақ жіктелмейді.

5. **Жалпылау есімдігі мыналар:** *бәрі, барлық, бар, барша, күллі, бүкіл, бүтін, түгел.*

Жалпылау есімдіктері бірнеше зат, құбылыстарды жалпылама түрде атау мақсатымен қолданылады. Мысалы: *Барлық халық бейбітшілікті қалайды.* Мұнда түрлі халықтардың аттарын атап жатпай, оларды жалпылама түрде бір ғана сөзбен (*барлық*) атаған.

*Барлық, барша, бәрі* деген жалпылау есімдіктері тәуелденеді: *барлығымыз, баршаларың, бәрің* т. б.

Тәуелденген жалпылау есімдіктері септеледі: *барлығымызға, барлығымыздан, барлығымыздың* т. б.

Жауап алу мақсатында қолданылатын есімдіктерді **сұрау есімдігі** дейді. кім? не? кімім? нем? неше? кіммін? кіммен?

Қазақ тілінде өз деген жалғыз сөз **өздік есімдігін** құрайды. Мысалы: өзі, өзім, өз. Мысалы: өзі, өзім, өз. Алдымен, өзіңе өзің жақсылық жасай біл.

### Есімдіктің сөйлемдегі қызметі

Есімдік сөйлем ішінде сөйлем мүшелерінің барлығының қызметін атқарады.

1. Бастауыш болады: *Бәріміз Отанымыздың патриоттары болуымыз керек.*

2. Баяндауыш болады: *Уәде қабылдаған екенміз, орындайтын да өзіміз. Менің іздегенім сенсің.*

3. Есімдіктердің толықтауыш болуы жиі кездеседі. *Өзіңді мақтай бергенше жолдастарыңның жақсы қасиеттерін үлгі етіп жүрген дұрыс.*

4. Анықтауыш қызметіндегі есімдіктерді де тілімізде мол ұшырасады. *Менің де, сенің де, оның да қызметімізді абыройлы атқарып жүргеніміз, шындап келгенде өз қара басымыздың ғана емес мектебіміздің де абыройы.*

5. Пысықтауыш та есімдіктен жасала береді. Мысалы: *Ауа райының былай күрт өзгеруін ешқашан көрген жоқпын*

**60-жаттығу.** *Тексті көшіріп, жіктеу есімдіктердің астын сызыңыздар*

1. Мен бақыттымын. 2. Біз аштық, жоқтық дегенді білмей өстік. 3. — Сен ұйықтаған жоқсың, ба? — деп, сыбырлай сұрады. 4. Ол өте жақсы шал еді. 5. — Ертең біздің үйге келіңдер. Мен сендерге бір нәрсе көрсетейін, — деп асығып сөйледі. 6. Олар неге еске түседі? (С. Е.).

**61-жаттығу.** *Сілтеу есімдіктерін тауып, олардың қосымшалары бөліп жазыңыздар*

1. Сонау бір күндерде құтқарғаның былай тұрсын, мінезің естен кетпейді. 2. Мен емес, сен қиналдың-ау сонда. 3. Осында бір қыз жүр, жұрттың бәрі соған қарайды. 4. Кім болды екен бұлар?— деп, Мейрам да қадала қарады. 5. Соларға алдымен су, нан, баспана керек, ал бізде оның бірі де жоқ.

**62-жаттығу.** *Болымсыздық есімдікті тауып, оның қалай жасалғанын, қай сөз табының орнына қолданылғанын түсіндіріңіздер*

1. Біз көргендерден жөнді ештеме қалмапты ғой. 2. Ешкімге ұрысқан жоқ па? 3. Егер жерге көмілген трубалар жарылса, күн ашылмай оған ештеңе істеп болмайды (F. Мұст.), 4. Бірінші, Рязанов мырзаны ешқайдан да таба алмайсыз (F. М.). 5. Біз өзімізді атамақ тұрсын, ешқашан да мұндай ерлік қолымыздан келеді деп ойлаған жоқпыз. 6.— Тұрмасаң жүре бер, сені ешкім де ұстамайды (А. Мак.). 7. Ешкімнің бет ажарына қарамастан, газет бетінде, топ алдында айыптыны сөгеді, сыбайды (F. Мұст.).

**63-жаттығу.** *Текстегі есімдіктерді тауып, оларды есімдіктің түріне, түрленуіне, сөйлемдегі қызметіне қарай талдаңыздар.*

-Тіпті менің сыншым боп апсық-ау, сен өзің!— деп, Жәмила табақтың, сынығын, шылдыр еткізіп тастай берді.— Қарашы бұны!..

Анна Ивановна өзінен-өзі ыңғайсызданып, тұрарын да, кетерін де білмей, ебін таба алмай барып, аяғында Сәлімге:— Сәлім, сен қойсаңшы немене? Ол үлкен... Несіне қанын бұзасың! дегенде екі жақ та кішкене толастай бастады... Сол уақытта іле-шала Сәлімге:

- Оқыдың ба, кешегі кітапты... Одан да соны айт!.-.

Маған тіпті алты қырдың астында калғандай-ау өзі... Қайда, қайда! Қашан да қашан боп сырғып кетіпті-ау, сірә (М. Ә.).

**64-жаттығу.** *Текстен есімдіктерді табыңыздар, олардың жасалу жолын түсіндіріп, есімдіктің қай мағыналық тобына жататынын дәлелдеңіздер.*

Абай өзіме бірдеме айтпақ па екен деп те айлады (М.Ә.). Құнанбай

естімеген сияқты ешбір белгі бермеді (М.Ә.). Бірақ әкесі мен өзге ешкімге қарамастан, келе Абайды құшақтай алды. (М.Ә.).Әркімде жалда жүретін бір шал жиені Жәмпейісті өз қолына алып еді (М.Ә.).Әрқашан жан күйер жақын қабырына ыстық-ыстық жастар төгеді (М.Ә.). Әлдеқалай жел ұшырып түсірген шөп-шалам болса, оны алып тастайды (М.Ә.). Ол Борсаққа әлдеқандай көрінгенмен, өзге жұрттың келесінде бұта құрым болатын (М.Ә.). Әрқайсысы да осы ойдың соңыда еді (М.Ә.). Жоқ, ешкім ұрған жоқ (М.Ә.).

**65-жаттығу.** *Есімдіктерді тауып, тексті көшіріңіздер. Есімдіктің қай сөз табының орнына қолданылып тұрғанын көрсетіңіздер.*

- Сенің өолға түсуің қызық, біз сияқты тым болмаса, көптің қатарында да емес.

- Мұны өзім де түсіндім.

- Бұл әлдеқашан ойланған нәрсе, - деді Хакім салмақпен, маңдайына түскен бұйралау шашын кері қайрып тастап...- Ана қыз бар болғыр жетектеп...

- Оның өзін бері сүйремейсің бе, жолдастарыңнан бөлініп оңаша кеткенше.

- Бұл – ойлайтын нәрсе.

- Сөзің бар болсын сенің шөп татыған, - деді Хакім күліп (Х.Е.).

### **Етістік**

Заттың қимылын, амалын, жай-күйін білдіретін сөздерді етістік дейміз. Мысалы: *Ол ән салды. Сен домбыра тарт.*

Етістік не істеді? не істейді? не қылған? деген сұрақтарға жауап береді. Сөйлемнің баяндауыш, пысықтауыш қызметін атқарады.

Тұлғасына қарай етістік негізгі, туынды түбір болып бөлінеді.

Негізгі түбір етістіктер — құрамы бөлшектеуге келмейтін бір-тұтас морфемадан тұратын сөздер. Мысалы: *ал, кел, бар, оқы, жүр, тұр, көр, шық, кір* т. б.

Туынды түбір етістіктер сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалатын құрамы ең кемі екі морфемадан тұратын сөздер. Мысалы: *ақта (ақ-та), жасар (жас-ар), азай (аз-ай), бірік (бір-ік), сана (са-на)*, т. б.

### **Етістіктің сөз тудырушы жұрнақтары**

Етістіктің жұрнақтары есімнен етістік тудыратын жұрнақтар және етістіктен етістік тудыратын жұрнақтар болып екі топқа бөлінеді.

#### **А. Есім сөзден етістік жасайтын жұрнақтар**

1.-ла, -ле, -да, -де, -та, -те: *тазала, шегеле, қолда, көзде, ақта, көкте.*

2. -лан, -лен, -дан, -ден, -тан, -тен: *көңілден, тамақтан, ашулан, еқбектен.*

3. -лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес: *ақылдас, көмектес, жағалас.*

4-лат, -лет, -дат, -дет, -тат, тет: *думандат, өлеңдет, шулат.*

5-а, -е: *сана, жаса, теңе, түне, орна, мөлдіре, қана, ойна,*

6-ар, -ер -р; *азар, көгер, суар, ескір, қысқар, тазар.*

7. -ай, -ей, -й: *азай, көбей, қарай, мұңай, есей.*

8 -ық, -ік: *жолық, кезік, тарық, бірік, толық.*

9.-сы, -сі: *шешенсі, адамсы, менменсі, еркінсі.*

10.-сын, -сін: *жерсін, көпсін, азсын, жүрексін т. б.*

#### **Ә. Етістіктен етістік жасайтын жұрнақтар**

Етістіктен етістік жасайтын өнімді жұрнақтарға етіс жұрнақтары жатады.

-ын, -ін, -н: *жуын, киін, таран.*

-ыл, -іл, -л: *қосыл, айтыл, (ды,) кесіл, (ді), қойыл (ды).*

-дыр, -дір, -тыр, -тір: *қалдыр, келтір, көндір, күлдір, айттыр.*

-т: *сөйлет, келтірт, тарат, қарат.*

-қыз, -кіз, -ғыз, -гіз; *айтқыз, бергіз, жүргіз, барғыз, өткіз*

-ыс, -іс, -с: *сөйлес, ақтас, айтыс, көшіріс.*

**66-жаттығу.** *Негізгі, туынды түбір етістіктерді ажыратыңыздар.*

Сәуле үндеген жоқ. Тек Перизаттың аюдың тырнағындай болып кеткен ұзын тырнақтары мен қызарған еріндеріне көзі түсіп еді, есіне әлдене түсті де, мырс етті. Бұл кезде Перизаттың маңайы толған гу-гу сөз. Тіпті «оқыған қыз да өстеді екен-ау» дегенге де ілініп қалған еді. Мұндай сөздер көбінесе жасы үлкендердің аузынан жиі шығатынды. Осы «оқыған қыз да өстеді екен-ау» деген сөз Сәулеге қатты батқанды. (Ә.Ә.)

**67-жаттығу.** *Текстен туынды етістікті теріп жазып, оның қандай жұрнақ арқылы жасалғанын түсіндіріңіздер.*

1. Үлкен жалпақ бетті болғанмен өңі жұқа, лезде қуарып, бетіне қан тепсініп шыға келеді. 2. Өмірде оны қатты ойдандыратын нәрсе әзір кездескен жоқ (*Т. Ахт.*). 3. Анау алыста бір шоғыр жалтырайды (*Т. Ахт.*). 4. Енді әйел жүзі тіпті жасарып, ажарланып кетіп еді (*Ғ. М.*). 5. Сырқаттанып қалдыңыз ба? 5.— Сіз күн бойы ойланған шығарсыз да, енді жайласып отырып әңгімелесуімізге болар деп мазалап едім...— деді Сикорский (*Т. М.*). 7. Оған аудан басшылары, ауыл басшылары қосылып, екі-үш күннен бері ауру Шығанақты босатпайды. 8. Салқында суар (*Ғ. Мұст.*). 9. Бірақ ондай көп ашуланбайды. 10. Сөйлеген сөздерін аңдап, орнымен сөйледі (*С. С.*). 11. Той-думан жайына қалды, ұрыдай сусып келіп, атына міндім (*Б. Соқп.*).

### **Сабақты және салт етістік**

Заттың, кісінің ісін, әрекетін, қимылын білдіретін етістіктерді сабақты етістік дейміз. Сабақты етістіктің қимылы объектіге ауысып түседі де, ол объектінің табыс септікте тұруын керек етеді. Мысалы: *Мен бұл кітапты оқығанмын.*

Сабақты етістіктен байланыстыра *кі м д і? н е н і? (н е?)* деген сұрақ қоюға болады: *кімді жіберді? кімді сайлады? нені берді? нені алды?*

Заттың, кісінің ,күйін білдіретін, табыс септеуден тура толықтауышты меңгере алмайтын етістікті салт етістік дейміз. Мысалы: *отыр, күл, қуан, ұйықта..*

**68-жаттығу.** *Төмендегі етістіктердің сабақтыларын бір бөлек, салт етістіктерді бір бөлек жазыңыздар*

Отыр, жүр, бер, көр, оқы, тыңда, қос, жат, қыс, бол, бар, сөйле, танда, жөнде, мақта, тұр, кел, ақылдас, көмектес, ойлан, сақтан, келтір, қосыл, қысыл.

### **Болымды, болымсыз етістік**

Қазақ тіліндегі барлық етістіктер болымды, болымсыз болып бөлінеді.

Болымсыз етістіктер болымды етістіктердің түбіріне *-ма, -ме, (-ба,*

-бе, -па, -пе жұрнағын жалғау арқылы жасалады. Мысалы: *бар — барма, көтер — көтерме, сөйле — сөйлеме, сөйлес — сөйлеспе, шық — шықпа, шығар — шығарма, жаз -жазба, жазғыз — жазғызба.*

Болымсыз етістіктің жұрнағы сұрау шылауымен тұлғалас. Мысалы: *Сен бүгін келдің бе? Ол осыны түсіне ме? Суретті ол салған ба?* Бұл мысалдарда сұрау шылауы көсемше, есімше, жіктік жалғауына аяқталған сөздерден кейін келіп тіркесіп, сөйлемге сұрау мағынасын беріп тұр.

Етістіктің болымсыздық жұрнағы — сөзде көсемше, есімше, рай жұрнақтарынан, жіктік жалғаудан бұрын қолданылатын қосымша. Мысалы: *көрме-й-ді, кел-ме-ген, айт-па-й-мын, қал -ма-ғай-сың, бер-ме -се.* Етістіктің жұрнағы өзі жалғанған сөзіне болымсыздық мағына береді.

**69-жаттығу.** *Етістікке болымсыздық мағына беріп тұрған грамматикалық форманың астын сызып, оның қандай тұлғалы сөзден кейін жалғанып я тіркесіп тұрғанын айтыңыздар.*

1. Ол еш уақытта да Бетховеннің атын, Рембрандтың атағын есітпеген еді. Бұл далада еш уақытта Гомер аты аталмаған, бұл даланың үстін басып Беранже өлеңін білетін адам еш уақытта жүрмеген (С. Е.). 2. — Большевиктерді байқамай жүре беремін десеңіз де, олар байқатпай қоятын емес қой. 3. Академик түнімен ұйықтаған жоқ. 4. — Колы тимей жатыр де! 5. Бұл алда у емес, бұны айтпай жүрген өзіңнің балалығың, бостығың емес пе! (С. Е.)

## Етіс

Қимылдың объекті мен субъектіге қатысын білдіретін етістіктің түрін етіс дейміз. Мысалы: *Олар сөйлесті.* Мұнда етіс қимылдың бірнеше субъектіге ортақ екенін білдіріп тұр. *Ол таранды* дегенде, етіс қимылдың объектісі мен субъектісінің бір зат екенін білдіреді.

Етіс төрт түрлі: 1. Өздік етіс. 2. Ырықсыз етіс. 3. Өзгелік етіс. 4. Ортақ етіс.

*Өздік етіс.* Қимыл субъектінің өзіне бағытталып, объекті ме, субъектінің бір зат екенін білдіреді. Мысалы: *Мен жуындым.* Жуған да, яғни субъекті де, жуыну қимылына түсуші объекті де — *мен.*

### Жасалу жолы:

1. -ын, -ін, -н: *таранды, киінді, суынды*. -ыл, -іл, -л:  
*қосылды, түйілді*.

Өздік етіс жұрнағы сабақты етістіктен салт етістік жасайды. Мысалы: *Шашыңды тара* — сабақты етістік. *Ол таранды* — салт етістік. *Қалын қыс* — сабақты етістік. *Ол өте қысылды* — салт етістік.

*Ырықсыз етіс*. Қимыл өздігінен жасалғандай болып көрінетін, қимыл иесінсіз айтылатын етістің түрін ырықсыз етіс дейміз. Мысалы: *Егін орылды*. Егінді орған қимыл иесі айтылмаған, сөйлемде қимыл иесінің орнына объекті (*егін*) бастауыш болып тұр.

Ж а с а л у ж о л ы: ырықсыз етіс етістіктің түбіріне -ыл, -іл, -л, -ын, -н жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *Егін орылды*. *Мал бағылды*. *Су төгілді*. *Жұмыс жасалды*. *Үй салынды*, *Ет желінді*. *Киім тазаланды*.

Ырықсыз етіс жұрнағы сабақты етістіктен салт етістік жасайды. Мысалы: *Үйді сал* — сабақты етістік.

*Үй салынды* — салт етістік.

*Егінді ор* — сабақты етістік.

*Егін орылды* — салт етістік.

*Ырықсыз етіс* қимыл иесін керек етпей, оның орнына толықтауыш болатын объекті сөйлемнің грамматикалық бастауышы болады, ол сөйлем тура толықтауышсыз айтылады.

*Өзгелік етіс*. Қимылдың сөйлеуші мен тыңдаушыдан басқа бөгде біреу арқылы жасалатынын білдіретін етісті өзгелік етіс дейміз. Мысалы: *Сен оған бұл жұмысты тез бітіріп*. *Оны келтір*, *оған жазғыз*, *оған айтқыз* т. б).

Сөйлеуші мен тыңдаушы қимылға тікелей қатыспағанымен, қимылдың жасалуына әсер етеді, пассив түрде катысады.

### Жасалу жолы:

1. -қыз, -кіз, -ғыз, -гіз: *алғыз, жап қыз, көрсеткіз, жүргіз*.

-дыр, -дір, -тыр, -тір: *жаздыр, білдір, келтір, таптыр*.

-т: *келтірт, сайлат, жайнат.*

4. -ыр, ір, ар: *қатыр, кетір, шығар,*

Өзгелік етістің жұрнақтары салт етістікті сабақты етістікке айналдырады. Мысалы:

*Сен кел* — салт етістік.

*Сен оны келтір*— сабақты етістік.

*Сен сана* — салт етістік.

*Сен санат*- сабақты етістік.

*Сен отыр* — салт етістік.

*Сен оны отырғыз*— сабақты етістік.

*Ортақ етіс.* Қимылдың бірнеше субъектіге ортақтығын білдіретін етісті **ортақ** етіс дейміз. Мысалы: *Олар айтысты.* Айтысу қимылы — сол қимылға қатысушылардың бәріне ортақ.

Жасалу жолы: Ортақ етіс етістіктің түбіріне *-ыс, -іс, -с* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *көріс, сөйлес, керіс, табыс, санас, салыс, жинас.*

Өздік етіс пен ырықсыз етіс объекті мен субъектілік қатысты білдіреді. Өзгелік етіс пен ортақ етіс субъектілік қатысты көрсетеді.

**70-жаттығу.** *Өздік етіс пен ырықсыз етісті тауып, олардың жұрнақтарының астын сызыңыздар.*

I. 1. Жолдың ені тарыла түседі және жол дегеніміз көкпеңбек тас (С. М.). 2. Айнала жөнделген жаулар қостың маңайына үйріле қалды (С. М.). 3. Келер күні боран болатын болса, жылқы оны сезе қояды да, пысқырынып, ішін тартып тынышсыздана бастайды. 4. Бұтағы тазартылған бұл шіліктер молда баланы арқаға тартып жібергенде, жездей иіліп, сынбанды....5. Қараңғылық аздап сұйылған сияқты (С. М.). 6. Айтқан сөздеріне зорлықшыл туысын көндіре алмаған Абай енді үнсіз тыйылды да, отырып қалды (.М.Ә.).

II. 1. Келші мен амандаса бергенде, Абайға үйдегі кемпір де бұрылып қарады. 2. Қаражан өз ісінен қысылғандай болды. 3. Анау жараланған бай өлімші боп, барып-барып ақыры жазылыпты. 4. Шолпан атырабындағы қыстаулардан үш атты сұратып алып, жылқы алынған түнде суыт жүріп отырып, ел тұра бергенде, өзінің аулына жеткен. 5. Шай ішілмей қалды. 6. Енді тез киініп, жүрмекке беттей-берді. 7. Бұл үйде

сөйленген осы сөз мынау отырғанның біреуінің аузынан шетке шығып кетсе, ойда жоқ мол пәлені бастап кетуі мүмкін (М. Ә.). 8. — Зеріксең, жаңа салынып жатқан шахтаға бар (С. Е.).

### Көсемше

Негізгі қимыл амалды және негізгі қимылды айқындайтын қосымша қимылды білдіретін етістіктің түрін көсемше дейміз. Мысалы: *Ол келе жатыр. Сен оқып жүрсің.* Бұлардағы негізгі қимылды білдіретін етістіктер (*келе, оқып*) көсемше формасында тұр. *Сен күлімсіреп қарадың. Ол ентігіп сөйледі* дегендер де негізгі қимылды *қарадың, сөйледі* етістіктері білдіреді. Олардағы *күлімсіреп, ентігіп* деген көсемшелер негізгі қимылдың қалай жасалғанын білдіретін қосымша қимылды білдіреді.

Көсемше қ а л а й? қ а й т і п? н е і с т е п? қ а й т к е л і? сияқты сұрақтарға жауап береді.

Көсемше етістіктің, түбіріне төмендегі жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалады:

-ып, -іп, -п: *жазып, келіп, санап,*

-а, -е -й: *бара, келе, санай.*

-ғалы, -гелі, -қалы, -келі: *барғалы, келгелі, айтқалы, кеткелі.*

Көсемше жанама, қосымша қимылды білдіргенде, ол өзінен кейін ешбір қосымша қабылдамай, тиянақсыз формада тұрады. Мысалы: *асыға кіру, жүре сөйлеу, жүре тыңдау, жантайып жату, ентігіп жету т. б.* Мұндайда ол сөйлемнің пысықтауыш мүшесі қызметін атқарады.

Көсемше формасындағы етістік құрмалас сөйлемнің бағыныңқы түрінің баяндауышы қызметінде қолданылады. Мысалы: *Марфуғаны Айбарша әрең дегенде уатып, екеуі ас даярлауға кіріскен еді.* (С. М.).

Мұнда көсемше екі жай сөйлемді байланыстыру қызметін де атқарады.

Көсемшенің байланыстыру қабілеті күрделі сөздің құрамында ерекше көрінеді. Мысалы: *кіріп шық, алып кел, бара кел, айта кет, алып шық, қайтып кел, алып кет, оқып бер, көріп кел:* Бұл күрделі етістіктердің құрамындағы екі сыңары көсемше арқылы байланысқан.

Аналитикалық формалы етістіктерде де көсемше осы қызметті атқарады. Мысалы: *келе жатыр, жүріп отыр, оқып жатыр, жылап қоя берді, өсіп келе жатыр, жүдеп бара жатыр, жадырап сала берді* т, б.

Көсемше жұрнағы шақтық көрсеткіш қызметін де атқарады. Мұнда ол өзінен кейін жіктік жалғауын қабылдап, тиянақты түрге көшеді. Мысалы: *оқыпты, келемін, барыпсың, қаламыз, көріпті, білесің.*

Көсемшенің -ғалы, -гелі, -қалы, -келі жұрнағы арқылы жасалған түрі жіктелмейді. Сондықтан көсемшенің жіктелетін түрі, жіктелмейтін түрі деп бөлу де кездеседі.

**71-жаттығу.** *Әуелі тексті мәнерлеп оқып шығыңыздар, содан кейін ондағы көсемшені тауып, түр-түріне ажыратыңыздар.*

Мөлдір салқын сулы жінішке өзен жағасында, оқта-текте кішілеу жас тал-теректер көрінеді. Аласа ақшыл жас қайың, қызыл мойыл кездеседі. Өзеннің Әбіш келе жатқан жағы ұзақ созылған жасыл белдің етегін жағалап отырады. Екінші жағада ноғай аулының жәрмеңкеге тігілгендей көп үйлері мол болып шұбатылып, ілесіп келеді. Кей үйлердің тұсынан таң ата тыным алған иттер жалқау, керенау ғана үріп қояды. Таң атумен бірге, ерте тұрған лақ, қозының маңыраған үндергені келеді (М. Ә.).

**72-жаттығу.** *Сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің арасындағы байланыстырып тұрған көсемшенің астын сызыңыздар*

1. Ел жаңғырып, ел өнері түлеп өсіп, жаңарып кеткендей (М. Ә.). 2. Мақаш еш уақытта қар ерітіп, беті-қолын жумайды. 3. Үкімді көктем туып, ауыл қырға шыға Сибанның ауылнайы Мәкіш кеп орындады. 4. Ол әрине, бақсылардың салтын құрып, сарнай, күңірене, құтырына келмекші ғой. 5. Жүгірткен шөптен мұрнымды уқалай атып тұра келсем, күн сәскелікке барып, күлдіреуіштен қарап қапты (С. М.). 6. Қамшы ұстаған қолымен үкілі тебетейін басыңқырап алып, қатты шауып барады (Ғ. М.).

## Есімше

Есім сияқты түрленіп, сөйлемде есімнің де, етістіктің де қызметінде қолданылатын етістіктің түрін есімше дейміз. Мысалы: *Оқыған адам, білгеннен үйрен.*

Есімше мына жұрнақтар арқылы жасалады:

1.-қан, -кен, -ған, -ген: *барған, кеткен.*

2.-ар, -ер, -р, -с: *барар, келмес.*

3.-атын, -етін: *бараттын, келетін.*

Есімшенің жұрнақтары шақ жасаушы қосымша қызметін атқарады. Олар өткен шақ, ауыспалы өткен шақ пен ауыспалы келер шақ жасайды. Бұл қызметте есімше жіктеледі. Мысалы; *келгенсің, келермін, оқитынбыз* т. б.

Есімше зат есімнің түрлі белгісін білдіреді. Мұндай қызметте ол сын есім сияқты зат есімнің алдынан тіркесіп, сөйлемнің, анықтауыш мүшесі болады. Сөйлемде анықтауыш мүше болу етістікке тән қызмет емес, сондықтан етістіктің, басқа түрлері бұл қызметте қолданылмайды. Есімшенің анықтауыш қызметінде жұмсалуды оның есім сөздерге ұқсастығына жатады, есімшемен тіркесте қолданылуға тиісті зат есім сөйлемде айтылмағанда, есімше оның мағынасын білдіріп, оның қосымшасын өзіне қабылдап, қызметін атқарады. Мысалы: *келген адамды қарсы алыңдар — келгендерді қарсы алыңдар, оқыған кітабынан алған білімі — оқығаннан алған білімі.*

Есімшенің бұл қасиеті де есімге ұқсастығына жатады, мұнда есімше есімнің сөйлемдегі қызметін атқарады.

**73-жаттығу.** *Есімшені теріп жазып, оған қандай қосымшаның жалғанып тұрғанын айтыңыздар.*

*Үлгі: Айт-қан-ың Серікбай ғой.*

1. Айтқаның Серікбай ғой (М. Ә.). 2. — Ұйқы женгенін көріп отырғаным осы болар...— деп, Зотов басын шайқады да, графинді құшақтап шығып кетті. 3. Игілік шеткі аттың неден үріккенін де көрді... (F. M.). 4. Жүгіре бере, өкшесінен су кіргенін сезді. 5. Бар үй ішінің тосатыны иіс, соның бай үйінің қайтқанын болымсыз үмітпен күтеді (М. Ә.). 6. Маған олардың емдегені емес, екеуі бірдей асты-үстіме түсіп, достық көрсеткендері қатты ұнады (F. M.). 7. Бірақ өзінің де жатып-тұрғанын сезген жоқ. (С. Е.).

## Тұйық етістік

Жақтық, шақтық мағынада қолданылмайтын, етістіктің есімге ұқсас түрін тұйық етістік дейміз. Тұйық етістік — у жұрнағы арқылы жасалады.

Мысалы: *келу, беру, көру, түсіну, ұялмау,*

Тұйық етістік есім сияқты септік, тәуелдік жалғауын қабылдайды.

Тұйық етістік жіктік жалғауын қабылдамайды.

**74-жаттығу.** *Текстен тұйық етістікті табыңыздар.*

1. Алда тұрған міндеттерді жобаладым: тазалық, сақтау, жұмыс істеу, оқу, жаңа тұрмыс құру, жаңа бақытты тұрмыстың не екені туралы айттым (А. Мак.). 2. Мына оқиғадан кейін осыны мойындауға тура келеді (М. И.). 3. Осы оқудың ішкі сырын, мән-жайын толығырақ баяндап бермей, «қиын оқу еді» деп жалпы өтудің қазіргі оқушының көпшілігіне әсері де болмас еді (С. М.). 4. Олай етуге бола ма, жолдас Братченко? Адамдарға бара жатырмыз ғой, ендеше, өз наныңызды ала бару деген жөн бе? (А.Мак.).

## Негізгі етістік пен көмекші етістік

Етістіктер мағынасына қарай, атқаратын қызметіне қарай негізгі және көмекші болып бөлінеді.

Негізгі етістіктердің толық лексикалық мағынасы бар, нақтылы қимыл, амал-әрекетті білдіреді, сөйлемнің белгілі мүшесі болады. Мысалы: *Қасен қақпадан шығып, жоғары тауға қарай аяңдады.* Мұндағы *шығып, аяңдап* деген етістіктер субъектінің қимылын білдіріп, өз алдына сөйлем мүшесі болып тұр.

Дербес лексикалық мағынасы бар, сөйлемнің жеке мүшесі болатын етістікті негізгі етістік дейміз.

Тілдегі бір топ етістіктер грамматикалық қызметке ауысқан. Олар лексикалық мағынасынан айрылып, негізгі етістікке түрлі грамматикалық мағына үстейтін морфемаға айналған. Мұндай етістіктер дербес мағыналы сөзге тіркесіп қана қолданылады. Мысалы: *жүріп отырды, келе жатыр* дегендегі *отыр, жатыр* етістіктері *жүр, кел* етістіктеріне тіркеліп, оған үстеме мағына беріп көмекшілік қызметте тұр.

Лексикалық мағынасынан айрылып, грамматикалық қызметке

көшкен етістіктерді көмекші етістік дейміз. Қазақ тілінде отызға жуық көмекші етістік бар.

*75-жаттығу. Текстегі негізгі, көмекші етістіктерді ажыратыңыздар.*

Барлық жайды танып отырған жүйрік жігіт енді ойнақыланып, күліп жіберді. Сөйте сала, домбырасын безілдетіп кетті.

Сырт қарағанда ол қабілетті жиынның келелі бір кеңесін бұзып кеткендей болды. Бірақ айтып кеткен өлеңі, шешендікпен төгіле бастағанда-ақ айлалы ақынның осы мәжіліс үшін Оразбайға әрекет етіп отырғаны байқалады. Қызара балқыған алмас жүзді жігіт, аумас сөзін Базаралыға қадап отыр. Жарым кеудесін сырлы домбырамен қоса, сый қонаққа бұрып ап, әндете түсіп, соқтырып кетті (М. Ә.).

### **Дара , күрделі және құрамды етістіктер**

Лексикалық мағынаны білдіретін етістіктің құрамы бір сөзден де, бірнеше сөзден де болады. Сондықтан етістіктер құрамына қарай дара және күрделіге бөлінеді.

Қимыл, амал-әрекетті бір ғана сөз білдірсе, ондай етістікті дара етістік дейміз. Мысалы: *кел, оқы, кет, жүр, сөйле, тыңда*, т.б.

Екі я бірнеше етістік біртұтас күрделі қимыл-әрекетті білдірсе, ондай етістікті күрделі етістік дейміз. Мысалы: *келіп кет, барып қайт, алып кел, алып кет, кіріп шық, келе кет, бара кет, ала бар, айта кел* т. б.

Мұндай күрделі етістіктің құрамындағы сыңарлар лексикалық мағынаға бірдей үлес қосады. Басқаша айтқанда, күрделі етістіктің лексикалық мағынасы оның құрамындағы жеке сыңарлардың мағынасының жалпыланған жиынтығынан жасалады да, күрделі қимыл-әрекетті білдіреді.

Мұндай күрделі етістіктер тек қана етістіктерден жасалады. Күрделі етістіктің бірінші сыңары көсемше формасында тұрады.

Есім сөзге көмекші етістік тіркесу арқылы жасалған етістіктерді құрамды етістік дейміз. Мысалы: *жәрдем ет, құрмет ет, көмек ет, сәлем ет, жақсылық ет, жақсы бол, жарқ етті* т. б.

Есім сөзге тіркескен көмекші етістік оған қимыл мағынасын береді де,

олар қимыл, амал-әрекетті білдіретін сөздердің қатарына ауысады яғни етістікке айналады. Құранды етістіктер етістік қалай түрленсе, солай түрленеді. Мысалы: *жәрдем етеді, жәрдем етпексің, жәрдем еткенсің, жәрдем етермін, жәрдем еті-ті, жәрдем еткенбіз* т. б. Құранды етістік жасайтын көмекші етістіктердің есім сөзге беретін мағынасы етістік жасаушы жұрнақтың мағынасымен сәйкес. Мысалы: *құрмет ет — құрметте, сәлем ет — сәлемдес, көмек ет — көмектес, жәрдем ет* яяfs28—